русское влияние хивинскому. Кроме того, сохранились фирманы Ахмед-шаха Дуррани в которых туркмены воспринимаются как его подданные. В фирманах сказано, что туркмены были союзниками афганцев в походах на Иран. Туркмены на протяжении XVIII-XIX вв. нападали на русские владения с целью захвата и продажи рабов, что послужило русским оправданием экспансии в Туркестане. Туркмены участвовали в казахских восстаниях Сырыма Датұлы, Исатая Тайманұлы, Махамбета Утемисулы, Кенесары Касымұлы. Также туркмены активно действовали против персов. Надир-Кули Ашраф (будущий Надир-шах) сделал себе карьеру в противостоянии туркменам. После смерти того в 1747 г. туркмены были союзниками Каджаров в борьбе с Афшаридами. Туркмены Атрака и Горгана помогали Мухаммеду Хасан хану, Ага-Мухаммеду, Фатх-Али. Туркмены в Хиве играли значительную роль в борьбе за власть. В 1803 г. астрабадский вали жаловался на бунт туркмен. В 1804 г. к защите шаха Фатх-Али апелировал наместник Мерва Насир ад-Дин. В 1805 г. туркмены Серахса, Теджена и Ахала осуществляли набеги на Хорасан и против них было отправлено войско Мухаммеда Вали-мирзы, которое разбило их. В 1809 г. племя теке снова разбойничало и против него этот полководец был снова вынужден осуществить кампанию. В 1813 г. туркмены племен йомуд и гоклен восстали против вали Астрабада, поддержав восстание Йусуфа-Ходжи Кашгарского. В 1814 г. они поддержали восстание вали Астрабада Мухаммед Заман-хана. В 1822 г. 2 тыс. туркмен-теке из Мерва подошли к Мешхеду и опустошили его окрестности. Против них вышел каджарский командующий с 700 всадниками против них и разбил туркмен. В 1826-1827 и 1841 г. туркмены снова восставали против Каджаров. В 1836 г. Феридун-мирза осуществил карательную экспедицию против туркмен. В 1837/1838 г. Кыйат из туркменского племени джафарбай занял остров Челекен. Правитель Мазандарана Ардашир-мирза выступил против них и нанес им поражение. В 1841 г. туркмены нападали на шиитских паломников у Мешхеда. Против них был отправлен отряд в 9 тыс. воинов под командованием сердара Мухаммеда-Хассана. В 1847 г. туркмены приняли участие в Хорасанской смуте. Их возглавлял Хасан-хан Салар и Джафар-Кули-хан. Первый был разбит Каджарами под Меямеем. В 1850 г. туркмены продолжали нападать на округу города Мешхед. В 1854-1857 гг. туркмены снова восставали в Хорасане. Также туркмены были беспокойными подданными Бухары. Туркмены Лебапа возглавляемые поэтом Саиди восстали против бухарского эмира Хайдара. В землях туркмен нашли побывали ряд начальников русских военных экспедиций – Тебелев (1741), Копытовский (1745), Ладыженский и Токмачев (1764), Гмелин (1773), Вой-

нович (1781), Муравьев (1819-1821), Карелин (1832-1836), Путянин (1841), Дандевиль (1859).¹

В 40-х гг. XIX в. на восточном берегу Каспийского моря в Мангышлаке была построена крепость Форт-Александровский. Тогда же была основана Астрабадская военно-морская станция. В 1855-1856 гг. хивинские туркмены сменили на престоле трех ханов. В битве под Серахсом в 1855 г. погиб один из хивинских ханов. К. Кауфман сравнивал роль туркмен в Хивинском ханстве с янычарами и преторианцами. В 1867 г. один из туркменских вождей

¹ Кыдырбекулы Д., Аннакулиева Г. Исторический обзор казахско-туркменских отношений http://www.ca-s.org/journal/10-1997/st_17_kadirbek.shtml;

Даудов А. Х., Андреев А. А., Янченко Д. Г., Шорохов В. А., Кибинь А. С. К истории первых русских крепостей на восточном побережье Каспийского моря // Былые годы. Сочи: Сочинский государственный университет, 2016. С. 5-13; Annanepesov M. The Turkmens // History of Civilizations of Central Asia. Vol. 5. Paris: Unesco Publishing, 2003. P. 135-137; Мухаммед Риза Мираб Агехи. Свидетель счастья // Материалы по истории туркмен и Туркмении. Том II. XVI-XIX вв. Иранские, бухарские и хивинские источники. М.-Л.: Издательство Академии наук СССР, 1938 <http://www.vostlit.info/Texts/rus10/Agehi2/text1.phtml?id=13>; <http://www.vostlit.info/Texts/rus10/Agehi2/text2.phtml?id=14>

<http://www.vostlit.info/Texts/rus10/Agehi3/text.phtml?id=15>

<http://www.vostlit.info/Texts/rus10/Agehi4/text1.phtml?id=16>

<http://www.vostlit.info/Texts/rus10/Agehi4/text2.phtml?id=17>

<http://www.vostlit.info/Texts/rus10/Agehi5/text1.phtml?id=18>

<http://www.vostlit.info/Texts/rus10/Agehi5/text2.phtml?id=19>

<http://www.vostlit.info/Texts/rus10/Agehi6/text.phtml?id=20>;

Мунис и Агехи. Райский сад счастья // Материалы по истории туркмен и Туркмении, Том II. XVI-XIX вв. Иранские, бухарские и хивинские источники. М.-Л.: Издательство Академии наук СССР, 1938

<http://www.vostlit.info/Texts/rus10/Agehi1/frameset1.htm>

<http://www.vostlit.info/Texts/rus10/Agehi1/frameset2.htm>

<http://www.vostlit.info/Texts/rus10/Agehi1/frameset3.htm>;

Веселовский В. Первое подданство туркмен России // Исторический вестник. № 5. СПб Типография А.С. Суворина, 1884. http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/M.Asien/XVIII/1760-1780/Perv_podd_turkmen/text.htm; Разумовская В. Из истории сношения России с туркменами в XVIII в. // Красный архив. № 2 (93). М.: Центральный архив РСФСР, 1939. http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/M.Asien/XVIII/1740-1760/Snos_turkmen_18/text1.htm; http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/M.Asien/XVIII/1740-1760/Snos_turkmen_18/text2.htm; Русско-туркменские отношения в XVIII-XIX вв. (до присоединения Туркмении к России). Ашхабад: Издательство Академии наук ТуркмССР, 1963ю 583 с. http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/M.Asien/XVIII/1700-1720/Russ_turkmen/index.htm

; Мухаммед Тагы-хан. Отменитель предыдущих историй // Материалы по истории туркмен и Туркмении, Том II. XVI-XIX вв. Иранские, бухарские и хивинские источники. М.-Л. АН СССР. 1938.

http://www.vostlit.info/Texts/rus17/Muchammad_tagu_chan/text1.htm; http://www.vostlit.info/Texts/rus17/Muchammad_tagu_chan/text2.htm; Мухаммед Хассан-хан. Насировская упорядоченная история // Материалы по истории туркмен и Туркмении. Том II. XVI-XIX вв. Иранские, бухарские и хивинские источники. М.-Л. АН СССР. 1938. http://www.vostlit.info/Texts/rus17/Muchammed_chasan_chan/text2.htm;

Мередова О. (Ашурпура Н.М.) Письма-фирманы Ахмад-шаха Дуррани туркменам // Известия АН ТуркмССР. Серия общественных наук. № 5. Ашхабад: Илим, 1977. http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/M.Asien/XVIII/1740-1760/Achmad_Schah_Durrani/text1.htm

Ата-Мурад просил русского подданства и обещал помощь против хивинцев. В 1858 г. туркмены из племен гоклен попросили йомудов и теке о помощи против Каджаров. Курдский вождь Бужнурд осадил гокленов в Каракале. Йомудов и теке возглавляли Нурберды и Махмуд-Ишах. Вождем гокленов был Дурды-хан. Они деблокировали крепость и отбили у курдов артиллерию. В 1860-1861 гг. Каджары воевали у Мерва, приведя войско в 21 или 23 тыс. (по данным Н. Гродекова) при 33 орудиях. Туркмены в своих письменных памятниках завышали численность Каджаров и считали, что их войско доходило численностью до 70 тыс. Войсками командовали вали Хорасана Хамзе-мирза, Мирза Мамед, Кавам ад-Даула, Мухаммед Вали-хан-сердар. Каджарские войска двигались от Серахса до Мерва. Их поддерживали отряды хазарейцев Йусуп-хана. Каджаров поддерживало туркменское племя сарык во главе с Имам-Кули-Мирзой. Каджары сравнивали крепость Кушут с землей. На каджарские войска нападали войска племен теке и салор. Каджары были вынуждены отойти назад от Мерва к Мешхеду. Сарыки были вынуждены помириться с текинцами. Правда перемирие продолжалось всего несколько месяцев. В 1869 г. высадка отряда Н. Столетова дала начало основанию Красноводска. Этот отряд разведаль местности до Кизил-Аравата в 1869-1870 гг., в 1871-1872 гг. отряд Морозова разведаль земли до Сарыкамыша и Балхам, Атрак, Гасан-Кулийского залива, Кизил-Арвата. Полномасштабное наступление на туркмен стало возможно только после подавления восстания адаевцев в 1870 г. и покорения Хивинского ханства в 1873 г. В 1874 г. было учреждено Управление Закаспийским военным округом. Генерал Ломакин предложил туркменским вождям явиться в Красноводск, но Софи-хан уклонился от этого. В 1877 г. русские под началом Ломакина двинулись на завоевание туркменских аулов в Первый Ахалтекинский поход, но были остановлены отрядами туркмен у Кизил-Арвата. Такой же неудачей закончился поход 1878 г. В 1879 г. в Красноводск прибыли подкрепления и во главе войск встал генерал Лазарев. Деньгами были подкуплены Софи-хан и Тыкма-Сердар. В отместку за это другие туркмены разорили аулы Беурме и Арчман, которые принадлежали роду Тыкма-сердара. Тыкма скоро изменил русским и прибыв на сборы старейшин в Ахале покался за свое поведение. Туркмены решили укрыться в Геок-Тепе в крепости Денгиль-тепе. Русский отряд генерала Лазарева не встречал сопротивления и опустошал туркменские аулы. Туркмены нападали мелкими отрядами, и Лазарев был уверен, что без проблем будет взят и Геок-Тепе. Около этой крепости у русских начались проблемы – транспорт

выходил из строя, а солдаты были утомлены переходом. Туркмены сделали вылазку из крепости и одержали победу над русскими.¹

Во время Хивинского похода 1873 г. туркмены дерзко нападали на русских. К. Кауфман наложил на туркмен большую контрибуцию в 300 тыс. рублей. Туркмены, видя могущество русских, собрали денег сколько могли, но сама дань не была целью генерал-губернатора. Против хивинских туркмен было отправлено два отряда – под командованием Головачева и К. Кауфмана. Вскоре второй отряд столкнулся с конницей йомудов, и та была отброшена назад огнем артиллерии. Против этого столкновения русские отряды начали нападать на туркменские аулы. Были опустошены местности от поселения Газават до крепости Измукшир. Казаки преследовали отступавших йомудов и нагнали их у озера Зейкеш. В 1877 г. англичане способствовали избранию Нурберды-хана. В 1878 г. в Мерве умер хан Кушут. Тот видел, что туркменам не выстоять против русских. В 1879 г. вместо Ломакина командующим был назначен М. Скобелев, который повел активную подготовку к экспедиции на Геок-Тепе. Туркмены же собрались на совет старейшин. Мамед-Аталык из рода сычмаз и Ораз-Мамед-хан из рода бек предлагали пойти на переговоры с русскими, но это вызвало возмущение у большинства текинцев. Они побуждали йомудов и гокленов нападать на русских. Если же эти племена не оказывали рвения в этом, то текинцы нападали на гокленов и йомудов. Сами гоклены и йомуды враждовали между собой. Летучие казачьи отряды громили кочевнические аулы. Генерал писал русскому послу в Иране, что страна туркмен опустошена и что неплохо было бы, если бы по туркменам со стороны Ирана нанесли удар хорасанские курды. Английский агент О’Донован говорил, что русские готовят туркменам кровавую баню и тогда текинцы попросили убежище в Хорасане. Под давлением того же русского посла в Иране шах не предоставил им убежища. Персы предоставили русским припасы и перевозочные средства. Сами русские подтянули желез-

¹ Рабинович И. Завоевание Туркмении царскими войсками (1883-1885 гг.) // Борьба классов. № 8. Август. М.: Изд-во ЦКП (б) Правда, 1936, С. 1-11; Мухаммед Тагы-хан. Отменитель предыдущих историй // Материалы по истории туркмен и Туркмении, Том II. XVI-XIX вв. Иранские, бухарские и хивинские источники. М.-Л. АН СССР. 1938. http://www.vostlit.info/Texts/rus17/Muchammad_tagu_chan/text1.htm http://www.vostlit.info/Texts/rus17/Muchammad_tagu_chan/text2.htm; Сальникова А.В. Англо-русское соперничество в Центральной Азии в последней трети XIX - начале XX века // Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Специальность 07.00.03 – Всеобщая история. Владимир: Ивановский государственный университет, 2009. С. 99-124; Присоединение Туркмении к России (сборник архивных документов). Ашхабад: Изд-во АН Туркменской ССР, 1960. 824 с. http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/M.Asien/XIX/1860-1880/Prisoed_turk_ross/index.htm; Кыдырбекулы Д., Аннакулиева Г. Исторический обзор казахско-туркменских отношений http://www.ca-c.org/journal/10-1997/st_17_kadirbek.shtml; Forniau V., Poujol C. The States of Central Asia // History of Civilizations of Central Asia. Vol. 6. Paris: Unesco Publishing, 2005. P. 47; Annanepesov M., Moshev M. Turkmenistan // History of Civilizations of Central Asia. Vol. 6. Paris: Unesco Publishing, 2005. P. 305-307; Дарабади П. Центральная Евразия в "большой геополитической игре" второй половины XIX — начале XX веков (страницы геонистории) // Кавказ и глобализация. № 3. Т.1. Лулео: CA&CC Press AB, 2007. С. 140; Сапаров М. "Дженг-е-Мерв" как персидский источник по изучению истории Южного Туркменистана середины XIX

ную дорогу до Бала-Ишем. Вооружение у туркмен было плохое и не йшло ни в какое сравнение с русским. Главным образом это были сабли, фитильные мушкеты и устаревшая пушка. Винотовок системы Бердана было несколько сот. С середины декабря 1880 г. начался обстрел крепости из артиллерии. 28 и 30 декабря 1880 г., а также 4 января 1881 г. защитники Геок-Тепе предприняли вылазки из города, которые были пресечены русскими. В последней высадке принимало участие 12 тыс., а в двух предыдущих по 4 и 6 тыс. 5 января 1881 г. из Геок-Тепе бежали мервцы и ашхабадцы. 12 января 1881 г. русские взорвали подкоп под стенами крепости и открыли пролом в стене. М. Скобелев лично повел кавалерию в бой, а за ней пошла пехота. Сеча была очень ожесточенной и на продолжении четырех дней продолжался грабеж. Вместе с русскими были направленные шахом курды Зульфикар-хана, которые взяли в плен многих туркмен. После взятия Геок-Тепе Тыкма-сердар и Махтумкули-хан приняли русское подданство. Многие старейшины прибывали в Ашхабад, где остановился М. Скобелев. Иные текинцы были же настроены бежать в Иран или Афганистан. С англичанами контактировала ханша Гульджамал из Мерва, а также Курбан-Мурад-хан, Нурберды-хан и Баба-хан. Миссия английских эмисаров состояла в том, чтобы текинцы приняли афганское подданство. Также предполагалось, что его примут и туркмены-салоры и туркмены-сарыки. Русские тем временем занимали аулы Атекского оазиса с центром в Каахка, большие аулы Душак, Меана, Чаача. В конце 1883 г. был занят Тедженский оазис и русские оказались на подступах к Мерву. 22 декабря 1883 г. из Теджена в Мерв отбыл М. Алиханов-Аварский, которого Махтумкули-хан торжественно встретил 1 января 1884 г. Русский командующий предъявил ультиматум мервским текинцам, грозя в случае отказа от подданства двинуть войска и поступить также, как и с жителями Геок-Тепе. Махтумкули убедил жителей Мерва подчиниться. В 1899 г. была сформирована Закаспийская область из пяти округов (Мангышлак, Красноводск, Асхабад, Теджен, Мерв)¹.

Таким образом, мы пришли к следующим выводам. Отношения с Хивинским ханством у Российской империи после погрома хивинцами отряда А. Бековича-Черкасского были враждебными. Русские оказывали поддержку их противникам – Бухарскому эмирату и Аральскому владению. Хивинское ханство в Большой Игре неизменно становилось на сторону Великобритании. Политику Российской империи в Туркмении в целом можно охарактеризовать как завоевательную. Первые Ахалтекинские экспедиции были проиграны русскими из-за банальной недооценки противника. Только большие походы во главе с К. Кауфманом и М. Скобелевым привели туркмен-йому-

¹ Аннанепесов М. А. Присоединение Туркменистана к России: правда истории // Вопросы истории. № 11. М.: Издательство Академии наук СССР, 1989 С. 70-86. <http://istorja.ru/articles.html/central-asia/annanepesov-m-a-prisoedinenie-turkmenistana-k-rossii-pravda-istorii-r422/>; Рабинович И. Завоевание Туркмении царскими войсками (1883-1885 гг.) //

дов и туркменов-теке в русское подданство. Жестокость с которой был осуществлен штурм Геок-Тепе вынудил Мерв капитулировать без боя. В сравнении с войной в Туркмении Бухарский эмират был легко покорен русскими. В паре сражений в 1866 и 1868 гг. русские перебили кадровое войско эмира. Самаркандское восстание 1868 г. не могло существенно изменить баланс сил и его сравнительно легко подавили. Провал Хивинской экспедиции 1717 г. целиком на совести А. Бековича-Черкасского, который был преступно наивен, веря Шир-Гази. Зимний хивинский поход 1839-1840 гг. провалился из-за сложных природных условий и сильного сопротивления хивинцев. Успех Хивинского похода 1873 г. связан с четким планированием кампании, стойкостью русских солдат и сравнительно многочисленными отрядами русских. Сложность войн против хивинцев была обусловлена географическим положением ханства, которое укрывало его от вражеских нападений.

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ
LINGUISTICS AND LITERATURE

FTAMP 03.01; 16.21

ӘОЖ 811.512.122

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШІРУДІҢ
ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Сердар Дағыстан

PhD., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан,
serdar.dagistan81@gmail.com serdar.dagistan@ayu.edu.kz

Түйін: Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті, Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Жолдауы – Қазақстанның бүгінгі өмірінде ұлттың ұстанымын айқындайтын және қоғамдық сананы өзгерту жолдарының жалпы бағыттарын белгілейтін дүниетанымдық-идеологиялық еңбек. Жолдауда айтылған қазақ жазуын латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшіру мәселесі қоғамда қызу пікірталас тудырды. Латын жазуына көшу – әлемдік өркениетке қол жеткізудің басты жолы және бұл ұлт санасын оятып, қайта жаңғыруына жол ашады. Яғни Қазақ елі қабылдап отырған латын әліпбиінің жаңа нұсқасы – рухани жаңғырудың темірқазығы. Мақалада қоғамда қызу пікірталас тудырған латын әліпбиіне өту мәселесіне шолу жасалады. Сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә.Назарбаевтың мақаласында айтылған идеялар насихатталып, айтылған бағыттарды жүйелі түрде жүзеге асыруда атқарылып жатқан жоспарлы, жүйелі жұмыстар жайынан хабардар еткен.

Кілт сөздер: Жолдау, әліпби, рухани жаңғыру, Н.Ә.Назарбаев, латын әліпбиі.

IRSTI 03.01; 16.21
UDC 811.512.122

HISTORICAL SIGNIFICANCE OF KAZAKH WRITING IN LATIN GRAPHICS

Serdar Dagistan

Ph.D, Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Turkistan, Kazakhstan, serdar.dagistan81@gmail.com
serdar.dagistan@ayu.edu.kz

Abstract: In the address of the President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev “Striving for the future: spiritual renewal” - cognitive and ideological work that determines the position of the nation in the modern world and determines the general directions of ways to change public consciousness. The issue of phased translation of the Kazakh alphabet into the Latin alphabet was a hot topic in the society. The transition to Latin is the main way to achieve world civilization. The transition to the Latin alphabet allows us to wake up and revive the consciousness of our nation. That is, a new version of the Latin alphabet, adopted by the Kazakh people, is a symbol of spiritual revival. In the article, the main attention will be paid to the transition to the Latin alphabet, which has serious disputes in the society. Also in the International Kazakh-Turkish University, Khoja Akhmet Yassawi, the ideas voiced in the article of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev were informed and informed of the planned, systematic work on the systematic implementation of these areas.

Key words: Message, alphabet, spiritual revival, N.A.Nazarbayev, Latin alphabet.

МРНТИ 03.01; 16.21

УДК 811.512.122

ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ КАЗАХСКОГО АЛФАВИТА В ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКЕ

Сердар Дагестан

PhD., Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмета Ясави, Туркестан, Казахстан,
serdar.dagistan81@gmail.com serdar.dagistan@ayu.edu.kz

Аннотация: Послание Первого Президента Республики Казахстан, Лидер нации - Нурсултана Назарбаева «Духовное возрождение: взгляд на будущее» - это мировоззренческая работа, определяющая положение нации в современной жизни Казахстана и определяющая общие направления изменения общественного сознания. Упомянутый в сообщении вопрос постепенного перевода казахской письменности на латинский алфавит вызвал бурную общественную дискуссию. Переход к латинице - основной путь достижения мировой цивилизации, он пробудит сознание нации и проложит путь к ее возрождению. Другими словами, новая версия латинского алфавита, принятая казахским народом, является железной рудой духовного обновления. В статье рассматривается проблема перехода на латинский алфавит, которая вызвала бурную дискуссию в обществе. Также в статье рассматриваются идеи, высказанные в статье Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева озвученные в стенах Международного казахстанско-турецкого университета имени Ходжи Ахмета Ясави.

Ключевые слова: послание, алфавит, духовное возрождение, Н.А. Назарбаев, латинский алфавит.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы қазақ елінің саяси өміріндегі маңызы зор, елеулі оқиға болды. Білгенге бұл – ұлттық мүдденің ұлы мұраттарын айқындайтын жаңа идеологиялық тұжырымдама. Дамудың жаңа сапалық деңгейіне жетуді көздейтін стратегиялық бағдарламасын Қазақстан Республикасы тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» (Назарбаев, 2017) атты Жолдауынан кейін іске асыруға кіріскені баршамызға белгілі.

Соңғы жылдары мәдениеттің ең негізгі өзегі, тіні – рухани салада түбірлі жаңғырулар жүргізу мәселесі мемлекеттік деңгейде көтерілді. Н.Ә.Назарбаевтың бұл бағдарламалық мақаласы – Қазақстанның бүгінгі өмірінде

ұлттың ұстанымын айқындайтын және қоғамдық сананы өзгерту жолдарының жалпы бағыттарын белгілейтін дүниетанымдық-идеологиялық еңбек. Ұлттық тұтастық, мәдениет, әдет-ғұрып пен салт-дәстүр, рухани мұраларды сақтау, латын әліпбиіне көшу, білім берудің маңызын арттыру, мақсатқа жетудегі прагматизм, салауатты өмір салты қамтылған мақала кіріспе және «XX ғасырдағы ұлттық сана туралы», «Таяу жылдардағы міндеттер» атты екі негізгі тарау мен қорытындыдан тұрады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, жаңғырудың 6 бағытын белгілейді: Олар 1. Бәсекеге қабілеттілік; 2. Прагматизм; 3. Ұлттық бірегейлікті сақтау; 4. Білімнің салтанат құруы; 5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы; 6. Сананың ашықтығы. Бұл бағыттардың барлығы өзекті және уақыттың талаптарына барынша нақты жауап береді. Екінші тарау «Таяу жылдардағы міндеттер» бірінші кезекте Қазақстанның алдағы ұзақ жылдардағы дамуын айқындайтын стратегиялық сипатқа ие (Ұлт ұстанымының ұйытқысы, 2017: 3). Осы тараудағы негізгі жоба – қазақ жазуын латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшіру мәселесі. Қоғамда қызу пікірталас тудырған латын әліпбиіне өту мәселесі өз шешімін тауып, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 26 қазан күні №569 жарлығымен ресми түрде бекітілді.

Латын әліпбиіне көшу мәселесі соңғы рет XX ғасырдың тоқсаныншы жылдары қолға алына бастады. Яғни түркі дүниесінің ортақ әліпбиін жасау мәселесі Кеңестер Одағының ыдырауы қарсаңында күн тәртібіне енген еді. Осы орайда алғашқы нақты шешім 1991 жылы 18-20 қазан күндері Стамбулдағы Мармара университеті жанындағы Түріктану институты ұйымдастырған «Қазіргі түрік әліпбиі» атты симпозиумда тілші-ғалымдар тарапынан қабылданды. Осы жиында Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түрікменстан сынды елдерден қатысқан 28 тілші ғалым Түркі дүниесі үшін 34 әріптен тұратын латын негізіндегі әліпби жүйесін белгілеген болатын. Бұл жүйе 29 таңбадан тұратын Түркияның әліпбиіне өзге түркі халықтарындағы дыбыстар үшін қосымша бес қаріп енгізумен ерекшеленді. Ол бес әріп: Ä ä, X x, Q q, Ñ ñ, W w (Әбдіуақап Қара, 2013).

Бұл мәселе бұдан кейін де жалғасын тапты. «Мәселен, 1992 жылы 29 қыркүйек пен 2 қазан күндері Бішкекте өткен Түрік Республикалары мен Түрік мемлекеттік құрылымдары Білім министрлігі өкілдерінің 2-ші халықаралық конференциясы; 1993 жылы 8-10 наурыз күндері бес тәуелсіз Түрік Республикасы қатысқан және Түрік іскер топтары мен Даму агенттігі (ТИКА) ұйымдастырған Анкарадағы «Әліпби мен емле мәселесі» атты халықаралық конференция; 1993 жылы 21-23 наурыз күндері Анталияда өткен «Түрік мемлекеттерінің достық, бауырластық және ынтымақтастығы құрылтайы» атты ірі жиында да қолға алынып, осы 34 әріптік әліпбиге өту қажеттігі турасында шешім қабылданған еді. Осы жиындардың барлығы 1926 жылы ұйымдастырылған ортақ әліпби турасындағы Баку конференциясынан кейін өткізілген алғашқы жиындар ретінде тарихқа енді» (www.Altyn-orda.kz/kz/).

Латын әліпбиін, мысалы ағылшын, неміс, француз, түрік тілдері пайдаланып отырған латын әліпбиіне негізделген жазуды, әлемнің дамыған елдерінің біразы қолданады. Кеңестік бұғаудан босағаннан кейін түркі халықтарының біразы латын әліпбиіне көшті. «Жерорта теңізінен Солтүстік Мұзды мұхитқа дейінгі территорияны алып жатқан әлемдегі іргелі бұтақпыз деп шаттансақ, онда осы тұтастықты бекемдеу үшін, әлбетте, қазіргі кезеңде қазақ елі түркілік әлемнің ең көп қолданатын әліпбиіне көшкені абзал. Оның қажеттіліктері мен мүмкіндіктері жөнінде жаздық. Ал латын әліпбиіндегі бауырластарға келетін болсақ, онда дербес мемлекет болып тұрған Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрік Кипр республикалары, бұларға қоса Украинаның ішінде тұрса да Қырым автономиялық облысы, Молдовадағы Ғағауыз автономиясы ресми түрде латын әліпбиінде» (Тілешов, 2017: 23-27).

Ал, Қазақстан мен Қырғызстанда бұл мәселе кейінге қалдырылуының өзіндік себептері – Қазақстанның геосаяси жағдайы, көршілес орналасқан алпауыт мемлекеттердің ықпалымен де санасу керектіктігі еді. Осыны ескере отырып латын графикасына өтуге жан-жақты дайындықпен келу керектігін айтқан Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан - 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына арналған Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз» (Назарбаев, 2012) – деп, 2025 жылы Қазақстанның латын әліпбиіне толық көшетіндігін мәлімдеді. Түрік мемлекеттерінде қабылданған латын графикасының тиімді жақтары мен кемшін тұстарын саралай отырып қорытынды жасау қажеттігін назарға алуды ұмытпау керектігін де атап өтті. Бүгінде латын әліпбиіне көшкен тұста қазіргі қазақ тілінің дыбысталу ерекшеліктеріне нұқсан келмеу жағын қарастырған тілші-ғалымдар жұмысы әлі де жалғасуда.

Бұған дейін белгілі болғанындай, қазақ халқы өзінің тарихында үш рет әліпбиін ауыстырды (1924, 1930, 1940 ж.). Бұл – халықтың тарихи жадын бұзу мақсатындағы отаршыл жүйенің ойлап тапқан саясаты еді. Осыдан кейін Түркия Республикасы да латын жазуын қабылдап, араб жазуынан бас тартқан еді. Түркі дүниесінің бірігіп, үлкен саяси күшке айналып кетуінен сескенген Кеңес үкіметі латын жазуынан бас тартқызып, түркі халықтарына кирилл жазуын күштеп танды. Сөйтіп түрік жұрты екі түрлі, тіпті үш түрлі жазу жүйесін қабылдауға мәжбүр болды. Бұрынғы араб графикасымен жазылған көптеген құнды жәдігерлер кейін латын әліпбиіне ауысқан тұста халықтың жадынан өше бастады. Іле-шала кирилл жазуына ауыстыру науқаны басталды. Осылайша түбі бір түркі халықтарын бір-бірінен алшақтату мақсатында алдымен олардың жазу емшелерін өзгертті. Бірі төте жазумен, енді бірі кирилл жазуында, батысында орналасқан халықтар латын әліп-

биінде өз қажеттілігін алуға мәжбүр болды. Мұның салдарынан бұрын бір-бірімен тығыз байланыста болған түбі бір туыс халықтар бірінің жазғанын бірі түсінбейтіндей халге жетті (Мырзахметұлы, 2011, 2016).

Н. Ә. Назарбаевтың бағдарламалық мақаласы осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталып отыр. Қазіргі кезде латын әліпбиіне көшудің алғашқы қадамдары жасала бастады. Бірнеше нұсқасы да дайындалды. Әлі де графиканы жетілдіре түсу үшін ғылыми басқосулар мен конференцияларда пікірталастар өтіп жатыр. Осындай конференциялардың бірінде баяндама жасаған филология ғылымдарының докторы, профессор М. Малбақов латын графикалы жазуға көшуде төрт принципті берік ұстану қажет деп есептейді. Олар: «қазақ тіліндегі грамматикалық (фонетикалық, морфологиялық) заңдылықтың сақталуы, латын жазуындағы графикалық заңдылықтың сақталуы, әліпбидегі ұлттық бет-бейненің сақталуы, әліпбидегі түркілік бет-бейненің сақталуы» (Малбақов, 2017: 198-201).

Латын графикасын қабылдауды қолдаған ұжымның бірі – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Бұлай деуіміздің себебі, 2002 жылы осы университет жанындағы Түркология ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырған I халықаралық Түркология конгресінде әлемнің жиырмадан астам елінен келген түрколог-ғалымдар бас қосты. Осы конгресс қаулысының 5-тармағында «Латыншаға көшкен, көшетін түркі халықтарының жазу таңбасы ортақ белгіге құрылып, бірін-бірі кедергісіз оқи алатын бағыт ұсталсын, бірақ шама келгенше, ата жазу таңбалары негізінде жасау назарда ұсталсын», - деп көрсетілген. Түрік жұртының мәдениетін өзара жақындастыру мақсатында қолға алынған іс-шараның бұл бір парасы ғана. Бүгінде бұл халықаралық Түркология конгресі екі жылда бір рет Түркістан қаласында өтіп тұрады. Дүние жүзінің белгілі түрколог ғалымдарын Түркістанға шақырып, келелі ғылыми кеңес өткізіп отыру үрдіске айналған.

2009 жылы өткен III халықаралық Түркология конгресі «Бүгінгі түркологияның өзекті мәселелері мен келешегі (ортақ тіл, тарих және әліппе)» деп аталды. Бұл басқосу түркітану ғылымының өткені мен бүгінін саралап, келешекте атқаратын жұмыстары туралы өзекті мәселелерді шешуге арналды. Конгресте ортақ тіл, тарих және әліпби жасау мәселелері қаралып, кеңінен талқыланды. Түркі дүниесінің жанашырлары өз ойларын ортаға салып, түркі дүниесінің өткен тарихын талдап, таразылады. Басты мақсат – бүгінгі түркі халықтарының рухани тұтастығын насихаттау болды. Сол кездегі Білім және ғылым министрі Ж. Қ. Түймебаев өзінің құттықтау сөзінде: «Түркология ғылымын жандандырып жатырмыз. Бұл салада тер төгіп жүрген ғалымдарымыз жетерлік. Туыстас түркі халықтарының тілдерін зерттеуге атсалысып, халықаралық деңгейге шығуы қажет. Бүгінгі түркі халықтарының тілінде қалыптасып отырған өзекті мәселелерді бүкіл түркі әлемі болып шешуіміз керек», – деп ғалымдарды бірлесе жұмыс істеуге шақырған болатын. Ғалым Ә. Жүнісбек «Латын әліпбиіндегі қолғанат қондырғы (оргтехника) құрасты-

рудың фонетикалық негіздемесі» тақырыбында жасаған баяндамасында қазақ тілінің әлемдік ақпарат кеңістігіне шыққанда ғана тұғырлы тілдермен қатар саясат, ғылым, мәдениет т.б. салаларда еркін қызмет ете алатынын, ол үшін әлемде кең тараған қолғанат қондырғылар (оргтехника) қазақ тілін пайдаланушылардың да күнделікті құралына арналу керектігі туралы сөз қозғады. Ғалымның айтуынша, қазақ тіліндегі қондырғылар арқылы ақпарат алмасудың дамуы, қазақ тілінің ғылыми-зерттеу тіліне айналуы, қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйрету әдістемесін жетілдіріп, оны пайдаланатын адамдардың санының молаюы, қазақ тілінің қоғамдық-саяси салада қолдану аясы кеңеюі тәрізді шаралардың іске асуы қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің қалыптасуына себепкер болатыны сөзсіз (Латын әліпбиіндегі, 2009: 214-216). Осы конгресте ғалым латын таңбаларына негізделген қазақ әліпбиінің жобасымен таныстырды. Түркі тілтанымының ғылыми реформаны күтіп тұрғанын, ол реформаның фонетикадан басталу керектігін айтты.

Қазіргі таңда да Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н. Ә. Назарбаевтың мақаласында айтылған идеялар насихатталып, айтылған бағыттарды жүйелі түрде жүзеге асыруда жоспарлы, жүйелі жұмыстар атқарылып жатыр. Соның бірі А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбек өткізген «Латын әліпбиінің лингвистикалық негіздемесі» тақырыбындағы семинарға (31.X.2017 ж.) университет оқытушы-профессорлары, докторант, магистрант және студенттер қатысты. Семинарда ғалым латын әліпбиі туралы, «Әліпби – тілдің дыбыс құрамы, таңба – дыбыстың қауызы, ал емле-ереже әліпби мен таңбаның ұлттық дәнекері, болмысы», олай болса, әліпби таңбасы мен ережесі үйлескен жазу тіл егемендігінің бір кепілі» екендігін атап көрсетті. Н. Ә. Назарбаевтың 2017 жылдың 26 қазан күні қазақ латын әліпбиін ресми түрде қабылдау туралы жарлығына қатысты өз ойымен бөлісті. Ұсынылған әліпби нұсқаларының өзіндік ерекшеліктерімен таныстырды. 2022 жылдан бастап балабақша мен 1-сыныптарды латын әліпбиімен оқытуды бастайтынын, оны бастау үшін алдымен емле-ережесі дайындалып, оған лайықты әдістеме, сол әдістемені түсіндіре алатын мамандар дайындалу қажеттігін айта келіп, ұлттық құндылықтарды қайта жаңғыртуда латын графикасының маңызы ерекше екендігін жеткізді.

Бұл өте өзекті мәселе. Кеңес үкіметі кезінде түркологиялық зерттеулерде латын графикасын унификациялап қолдану үрдісін қолдаған ғалымдар болды. Және ол жұмыстар нәтижесіз де болмады. Бакуден шыққан «Түркология» журналы осындай халықаралық транскрипцияны пайдаланып, түркі тілдерінің материалдарын латын жазуымен беріп отырды. Бұл үрдіс әлі де сақталуда. Мысалы, орыс тілінде жарияланған «Түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы грамматикасы» атты көптомдық еңбекте түркі тілдерінің фонетикалық ерекшеліктері толық ескеріле отырып, латын жазуымен берілгені

белгілі. Бұл түркі халықтары тілдерін бір жүйелеп беруге негіз болатын еңбек еді. Өкінішке орай, осы үрдісті, латын жазуына көшіп жатқан Түркі Республикалары толық назарға алмады. Нәтижесінде алшақтықтар пайда болып, бір жүйеге түсе алмай отыр.

Түркі жұртының барлығына бірдей ортақ графикаға көшудің түркі мәдениетінің дамуына қосатын үлесі мол. Жаһандану кезеңі басталып әлемдік интеграция жүріп жатқан қазіргі кезеңде түрік жұрты да өзінің асыл құндылықтарын жарқыратып көрсете алуы тиіс. Қазіргідей жылдам ақпарат алмасу дәуірінде түркі жұрты бірінің жазған еңбектерін бірі қиналмай оқи алатын деңгейге көтерілсе, түркі интеграциясының қарқын алуына үлкен серпін берген болар еді (Дағыстан, 2017: 253-253). Ортақ мәдени мұраларымызды бірлесе отырып зерттеуді қолға алатын кез жетті. Ол үшін тілі бір, діні бір туысқан түркі жұртының қолданыстағы графикасы да бірдей болудың маңыздылығы зор. Себебі ХХІ ғасыр информация дәуірі, идеологияның маңызы мен қуаты күшейген кезең. Түрік халықтары да өздерінің ортақ жәдігерлерін бірлесе отырып насихаттау үшін ортақ бір жазу үлгісін таңдағаны дұрыс.

Бұл салада Халықаралық Түркі академиясы ортақ түркі алфавитімен «Манас» жырының нұсқасын басып шығарғаны үлгі болатын деп білеміз. Сонымен қатар мектеп оқушыларына арналған «Ортақ түркі тарихы» оқулығы Әзербайжан, Түркия елдерінде қолданысқа еніп жатыр. Жуырда Қазақстан мен Қырғызстанда да қолданысқа еңбек.

Қорыта айтқанда, Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы тәуелсіз Қазақстанды, қазақ елін дамытуға бағытталған өзекті мақала екені дау тудырмас шындық. Аталған мақала халықты ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, туған жерді көркейтуге, қоғам үшін игі іс жасауға, жаңашыл оймен, ұлт бойындағы рухани құндылықты жаңғыртуға бастайды.

Латын әліпбиіне көшу – ХХІ ғасырдағы ең маңызды оқиға болмақ, бұл оқиға қазақ халқын рухани жақтан күшейе түсуге жетелейді. Яғни, жаңа әліпби қазақ халқына рухани тәуелсіздік әпереді. Сондай-ақ жаңа әліпби қазақ халқының туыстас түркі тілдес халықтармен бірлігін нығайта түседі деп ойлаймыз. Осы игі істі жүзеге асыру жолында тарихи тәжірибелерді орнымен ескергеніміз жөн болар еді.

Латын графикасына негізделген әліпби жобаларының бастан өткерген әліпби тарихымызды саралап, түркі әліпбилерін бірлестіру идеясы тұрғысынан зерделеніп жасалған үлгісі қабылданғанын қолдаймыз. Академик Ә.Қайдардың сөзімен айтсақ, «жазуды өзгерте беру мұрат емес. Бірақ ерте ме, кеш пе, қасиетті ана тіліміздің бойына лайықты, табиғатына, заман талабына сай, тіліміздің бақилығын аңсайтын халқымызға қызмет етіп, мәдениет мерейін көтеретін шын мәнісіндегі дәстүрлі де тағылымды ұлттық жазуды қалыптастыру мұрат» (Қайдаров, 1991).

ӘДЕБИЕТ

Назарбаев Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру//Егемен Қазақстан №70 (29051) 12 сәуір, сәрсенбі 2017 жыл.

Ұлт ұстанымының ұйытқысы (С.Дағыстан, Ж.Танауова) // Егемен Қазақстан. 3 тамыз 2017 ж.

Әбдіуақап Қара. Түркі дүниесінің ортақ әліпби жүйесі бола ма? Абай-Ақпарат. 16 қаңтар 2013 ж.

www. Altyn-orda.kz/kz/kazaksha-abdiuakap-kara-turki-duniesinin-ortak-alipbi-zhujesi-bola ma?/

Тілешов Е. Е. Әліпби таңдау: тіл табиғатын сақтау, түркілік тұтастық және әлемдік ақпараттық кеңістік//Тамыры терең әліпби: Жалпы түркілік бірегейліктің мызғымас негізі» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Алматы, 2017. 320 б.

Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан - 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты// «Егемен Қазақстан» газеті № 828-831 (27902) 15 желтоқсан 2012 жыл.

Мырзахметұлы М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы, 2011. – 44 б.; М.Мырзахметұлы. Ономастика және ұлттық дәстүр // Түркология журналы. № 4 (шілде-тамыз), 2016 ж. 125-133-бб.

Малбақов М. Түркі жазуы – ерекше маңызды тарихи-мәдени құндылық// Тамыры терең әліпби: Жалпы түркілік бірегейліктің мызғымас негізі» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Алматы, 2017. 320 б.

Латын әліпбиіндегі қолғанат қондырғы (оргтехника) құрастырудың фонетикалық негіздемесі // Бүгінгі түркологияның өзекті мәселелері мен келешегі (ортақ тіл, тарих және әліпби). III Халықаралық түркология конгресі. Түркістан, 2009. 734 б.

Дағыстан С. Ортақ мәдениет, ортақ мүдде жолында қолға алынған игі бастамалар // Тамыры терең әліпби: Жалпы түркілік бірегейліктің мызғымас негізі» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Алматы, 2017. 320 б.

Қайдаров Ә. Латын әліпбиінің болашағы зор // Ана тілі, 1991. № 43, 45, 46.

REFERENCE

Nazarbaev N. Ә. Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru//Egemen Kazakhstan №70 (29051) 12 säuir, särsenbi 2017 zhyl.

Ult ustanymynyn ujytqysy (S.Dagystan, ZH.Tanauova) // Egemen Kazakhstan. 3 tamyz 2017 zh.

Abdiuakap Kara. Tyrki dyniesinin ortak alipbi zhyjesi bola ma? Abaj-Akparat. 16 kantar 2013 zh.

www. Altyn-orda.kz/kz/kazaksha-abdiuakap-kara-turki-duniesinin-ortak-alipbi-zhujesi-bola ma?/

Tilshov E. E. Alipbi tandau: til tabigatyn saktau, tyrkilik tutastyk zhəne əlemdik akparattyk kenistik//Tamyry teren əlipbi: Zhalpy tyrkilik biregejlikтин myzgymas negizi» halykaralyk ғылыми-практикалық konferenciya materialdary, Almaty, 2017. 320 b.

Nazarbaev N. Ə. «Kazakhstan - 2050» Strategiyasy – kalyptaskan memlekettin zhana sayasi bagyty// «Egemen Kazakhstan» gazeti № 828-831 (27902) 15 zheltoksan 2012 zhyl.

Myrzahmetuly M. Kazak kalaj orystandyryldy. – Almaty, 2011. – 44 b.; M.Myrzahmetuly. Onomastika zhəne ulttyk dastyr // Turkologiya zhurnaly. № 4 (shilde-tamyz), 2016 zh. 125-133-bb.

Malbakov M. Turki zhazuy – erekshe manyzdy tarihi-madeni kundylyk// Tamyry teren əlipbi: Zhalpy turkilik biregejlikтин myzgymas negizi» halykaralyk ғылыми-практикалық konferenciya materialdary, Almaty, 2017. 320 b.

Latyn əlipbiindegi kolganat kondyrgy (orgtekhnika) kurastyrudyn fonetikalyk negizdemesi // Bugini turkologiyanyñ ozekti maseleleri men keleshegi (ortak til, tarih zhane alipbi). III Halykaralyk turkologiya kongresi. Turkistan, 2009. 734 b.

Dagystan S. Ortak madeniet, ortak mudde zholynda kolga alyngan igi bastamalar // Tamyry teren əlipbi: Zhalpy turkilik biregejlikтин myzgymas negizi» halykaralyk ғылыми-практикалық konferenciya materialdary, Almaty, 2017. 320 b.

Kajdarov Ə. Latyn əlipbiinin bolashagy zor // Ana tili, 1991. № 43, 45, 46.

**ЖОЛЖАЗБАЛАР
ПУТЕВЫЕ ЗАМЕТКИ
TRAVEL NOTES**

FTAMP 03.01.39

ӘОЖ 821; 902.2

АҢЫЗДЫ ДА, ӨНЕГЕЛІ МОҢҒОЛИЯ

Амантай Исин

Шәкәрім университетінің профессоры, тарихшы, assem51@mail.ru

Түйін: Жолбелгілеуде 2016 жылдың тамыз айында жүзеге асқан «Тәңір-таудан Өтүкенге дейін: Ұлы Дала көшпенділерінің тарихи-мәдени қазыналары» деп аталған Моңғолияға экспедициясы ерекше танымды экспедицияның бірі болды. Халықаралық Түркі академиясы ұйымдастыруымен Моңғолиядағы тарихи-археологиялық орындармен танысып, археологиялық зерттеулермен жалғасқан халықаралық археологиялық экспедиция құрамында тәуелсіз мемлекеттер – Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан – және үш автономиялық республика – Татарстан, Башқұртстан, Тыва – елдерінің түрколог, археолог, тарихшы ғалымдары және баспасөз өкілдері қатысты.

Кілт сөздер: жолбелгілеу, Моңғолия, Халықаралық Түркі академиясы, халықаралық археологиялық экспедиция

IRSTI 03.01.39

UDC 821; 902.2

MYTHICAL AND EXAMPLE MONGOLIA

Amantai Isin

Professor, historian of Shakarim University, assem51@mail.ru

Abstract: One of the most informative expeditions in August 2016 was the expedition to Mongolia, entitled “From Tengri to Otuken: Historical and Cultural Treasures of the Great Steppe Nomads.” Organized by the International Turkic Academy, the international archeological expedition visited historical and archeological sites in Mongolia and continued archeological research regarding.

Keywords: guide, Mongolia, International Turkic Academy, international archeological expedition

МРНТИ 03.01.39

УДК 821; 902.2

МИФИЧЕСКАЯ И ПРИМЕРНАЯ МОНГОЛИЯ

Амантай Исин

Профессор, историк Университета Шакарима, assem51@mail.ru

Аннотация: Одной из наиболее информативных экспедиций в августе 2016 г. была экспедиция в Монголию под названием «От Тенгри до Отукен: исторические и культурные сокровища великих степных кочевников», организованная Международной тюркской академией. Международная археологическая экспедиция посетила исторические и археологические памятники в Монголии и продолжила археологические исследования.

Ключевые слова: путевые заметки, Монголия, Международная Тюркская академия, международная археологическая экспедиция

Шыңғыстау археологиялық экспедициясынан бастау алып, Шәкәрім университеті және Семей Біріккен археологиялық жасағы үлкенді-кішілі 45 экспедицияға қатысып, олардың көпшілігін Алматыдағы Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Астанадағы Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Назарбаев Университетімен және Семейдің Облыстық тарихи-өлкетану музейімен бірге өткізіппіз.

Солардың ішінде «Тәңіртаудан Өтүкенге дейін: Ұлы Дала көшпенділерінің тарихи-мәдени қазыналары» деп аталған Моңғолияға экспедиция ерекше танымды экспедицияның бірі болды. Халықаралық Түркі академиясы (TWESCO) ұйымдастыруымен Моңғолиядағы тарихи-археологиялық орындармен танысып, археологиялық зерттеулермен жалғасқан халықаралық археологиялық экспедиция құрамында тәуелсіз мемлекеттер – Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан – және үш автономиялық республика – Татарстан, Башқұртстан, Тыва – елдерінің түрколог, археолог, тарихшы ғалымдары және баспасөз өкілдері қатысты.

2016 жылдың тамыз айында жүзеге асқан Халықаралық экспедицияда еңбектенгендер Түркі академиясын басқарып, үлкен істі ұйымдастыруды қолына алған Дархан Қыдырәлі, түркі мұрасын қадір тұтқан белгілі саясаттанушы Асқар Құмыран, Түркия Жұмһуриетінен келген тіл маманы Хатиже Ширин, Еділ Бұлғариясы мен Алтын Орданың археологиялық ескерткіштері туралы танымы терең ғалым, Татарстан Археология институтының басшысы Айрат Сидиков, Башқұрт зерттеушісі, тіл маманы, моңғол сөздерін де қолма-қол жаттап үлгіретін, ешқашан мойымайтын мінезі дарқан Ахат Са-

лихов, моңғол даласын да талай кезген, елсіздегі жолдан адасқанда түзеп жіберетін тывалық археолог Демир Тулуш, түркілік тас мүсіндер жүзінің осы күнгі тірі көшірмесіндей болған түрколог Нуридин Усеев, жас түрколог, ұйымдастырушы, елгезек жан Нұрболат Бөгенбай, әзербайжандық ақпарат өкілдері Аида Ейвазлы мен Фүзүли Мәжитлі, «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Нұрлыбек Досыбай және «Қазақстан» Ұлттық телеарнаның тілшісі Алматы Әбдіраман.

Бішкектен ұшқан бізді Ұланбатырдың халықаралық «Шыңғыс хан» аэропортында Шивээт-Уланда қазба жұмыстарында жүрген археолог Нәпіл Базылхан мен Түркі академиясының ғылыми қызметкері Акеділ Тойшан қарсы алған. Екеуі де моңғол тіліне жетік болғандықтан, қазақша-моңғолша, моңғолша-қазақша тәржімаларды да жасап, тіліміздің халықаралық маңызын лайықты көрсете білді.

Ұланбатырда Түркі мемлекеттері басшылары Кеңесінен Абзал Сапабекұлы, Түркия Ғылым академиясының президенті, профессор Ахмед Жеват Аджар, Түрік Тарих қоғамының төрағасы, профессор Захирал Рефик Туран да алыстағы ескерткіштерге шығып, экспедиция құрамы лауазымды тұлғалармен толықты. Түрік тіліне шебер экспедиция басшысы Дархан мырза Қыдыралы қазақша-түрікше, түрікше-қазақша түсіндірмелерді беріп жүрді.

Салиқалы экспедицияға Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінен қатысуым ұмытылмас әсерге толы болды.

Көзбен көрген көп дүние өзекті, тағлымды болып көкейде жарқырап тұр. Археологиялық зерттеулер жаңалықтары өз алды. Ол туралы зерттеу әдебиетте мол мағлұмат отандық және моңғолиялық археологтардың мақала, кітаптарынан табылады. Ұмытылмас сапардан айтыла-жазыла қоймаған, елімізде ескерілуге тиіс, мемлекетіміздің даму жолына да қажет, зиялы қауымға ой салар деп тапқан бірқатар әсерлеріммен бөліспекпін.

Моңғолия халха-моңғол, моңғол халықтарының ғана емес, түркі халықтарының да қасиетті мекені, олардың көбінің арғы тарихтағы байырғы отаны. Сол себепті әрбір түркі халқының тарихқа үңілген қауымы тарихи-археологиялық ескерткіштері мен құндылықтарына қызыға қарайды, соларды көзімен көруді армандайды. Көне замандардың, орта ғасырлар тарихи ескерткіштерінің сырын қазіргі заманның өнер туындылары да аша түскен. Сапарды Шыңғыс хан мемориалдарынан бастадық.

Шыңғыс хан ескерткіштері

Бір замандарда мейірімсіз шапқыншы деп қана сипатталатын Шыңғыс хан бұл күнде Моңғолияның, моңғол халқының ардақ тұтар басты тұлғасы, ұлттық символы. Ұланбатырдың орталық алаңындағы Өкімет үйі алдында тақта отырған Шыңғыс хан ескерткіші мүсін өнерінің озық үлгісі қатарында. 1951 жылы салынған ғимарат 2005-2006 жылдары өңдеулен өткенде, ғимарат алдындағы Сұхбатыр мавзолейі алынып, ғимараттың жаңа хасбеті

жасалып, төрге Шыңғыс ханның еңселі ескерткіші қойылады. Оған жақын екі жағындағы атты мүсіндер қолбасшы Мұхали мен нөкері Бооршыны бейнелейді. Үкімет үйінің екі жағындағы ұлы хандар Үгедей мен Құбылайдың да мүсіндері тұтас композицияны құрайды. Мүсінші С. Чоймбол сомдаған Сұхбатырдың 1946 жылы ашылған әсерлі ескерткіші де сақталып, Шыңғыс хан – Сұхбатыр алаңының ортасында тұр.

Қаладан шыққандағы жорығымыз Ұланбатырдан шығысқа қарай 54 шақырымдағы Шыңғыс ханның ат үстіндегі зәулім ескерткіші мен музей кешенімен танысудан басталды. Бұл биіктігі 40 метр, тұғыр ғимаратымен қоса есептегенде 50 метр, салмағы 250 тонна теңдесі жоқ ескерткіш бертінде ғана салынып, 2008 жылы ашылған. Мүсінші – Д. Эрдэнэбилэг. Ескерткіштің жоғарғы тұсын анықтап көру үшін ішіндегі лифт пен басқыштар арқылы шығасыз. Атты мүсін табанындағы, кешен ішіндегі музей де әсерлі. Әлемдегі ең үлкен қылып жасалған моңғол етігіне ескерткішті көресіз. Оның биіктігі 9 метр, салмағы 3 тонна екен. Бұл Цонжин-Болдог мекеніндегі ескерткіш маңы - әдемі жоспарланған жап-жасыл көлемді парк. Артық ешнәрсе жоқ. Ескерткіш кешені биігінен алысқа көрінетін кең алқап, моңғолдың таулы даласы зәулім ескерткішке ерекше өң бергендей.

Түнұқұқ ескерткіші

Есіл-дертіміз, әрине, Төв аймағындағы, Ұланбатырдан батысқа қарай 50-55 шақырымдай жердегі Баянцогт тауына жетіп, тау етегіндегі Түнұқұқ кешенін көруге ауды, бұл тарихи орынмен танысу жоспарына сай келді. Түркі қағандарының ақылшысы Түнұқұқтың тастағы жазбасы өз бұйрығымен 726 жылы жазылғаны белгілі. VIII ғасырдағы Үлкен жазулардың бастамасы. Түркологтар зерттеген байырғы тұрғызылған қалпында бірі үлкен, екіншісі кішірек қос тас ұстын (бітіг тас) көзге ыстық көрінді. Кешен сыртынан биіктеу темір шарбақпен қоршалып тұр екен. Әрі-бері қарасып, ескерткішті қадағалайтын мемлекет адамы көрінбеген соң шарбақтың ішіне кіріп, санада бұрыннан жатталып қалған білге Түнұқұқтың түркі әлемі үшін қастерлі сөздерін таба бастадық.

Экспедиция құрамындағылардың көңілдері толғанысты. Мұндайда әсіресе сезімін өлеңмен де, әнмен де толғана айтып жіберетін Аида Ейвазлы қуанышы ерекше. Түнұқұқ жазу тас тұғырын да қайта-қайта аймалап құшақтай берді.

Білге қаған мен Күлтегін ескерткіштері, Өтүкен таулары, Қарақорым

Одан кейін Ұланбатырдан батысқа қарай 400 шақырымнан астам жол жүріп, Арханғай аймағы Хашат сумысындағы Хөшө-Цайдам жазығында тұрған Күлтегін мен Білге қағанның үлкен жазуларын сол маңда салынған музей кешенінің ішінен көру, қасында тұру арманы да орындалды.

Хөшө-Цайдамнан батысқа қарай қарағанда алыстан түркілердің орда тіккен қасиетті Өтүкен – Ханғай таулары көрінеді. Аумағы көлемді таулы Өтүкен қазіргі төрт аймақтың төрінде тұрғанмен, бүкіл солтүстік-шығыс беті Архангай, оңтүстік беті Баянхонгор аймақтарына қарайды. Тарихтағы Өтүкен – Хангай тауы қазіргі Моңғолияның да қақ ортасында. Халха халқы түркілердің өсиетіне лайық ел болды. Күлтегін жазуында Өтүкенде отырсаң еш мұның болмайды, «Өтүкен йыш олурсар, беңгі іл тута олуртачы сен!» - «Өтүкенде отырсаң, мәңгі ел ұстап тұрасың сен!» деген көрегендік, өсиет сөзді қабыл алған моңғол елі ұланғайыр даланы меңгеріп, тәуелсіздігін баянды қылған, бабалардың арманына жеткен. Көне түркі ескерткіштеріндегі үлкен жазулар бұл күнде моңғол тіліне де аударылып, Моңғолияның ұлттық құндылықтарының қатарында елдің мәдени игілігіне айналған [1].

Әлем тарихында жер көлемі жағынан теңдесі жоқ ұлы мемлекет Их Монгол улс – Ұлы Моңғол империясының астанасы Қаракорым – Хархорин Хөшө-Цайдамнан оңтүстікке қарай қашық емес, Өвөрхангай аймағының жерінде. Құбылай хан және оның әулеті басқарған Юань империясы құлағанда Қытайдағы Мин әулетінің әскері Қаракорымды өртеп жіберіп, ғимараттарын қиратып кеткен. Соның өзінде қазіргі қиратынды көрінісінің өзі адам таңқаларлық көлемді және әсерлі.

Шивээт-Улаан түркілік кешеніне бару

Түнүккү кешенін көріп, сонда рухтанып, тізбек тастарды санамалап, кешен құрылыстарының жаспарлануын қарап, көлемдерін өлшеп, түсінігімізді жаңа бір деректермен толықтыра қуанышты күй кешкен соң, археологиялық зерттеу нысанымыз бұл ескерткіштерден де алыс Ұланбатырдан 500 шақырымдай алыс, барар тура жолы жоқ, жетуі қиын, Түркі қағандығы заманының аса ірі кешенді құрылысы Шивээт-Улан болды. Жол ұзақтығынан, ескерткіш орналасқан Бұлған аймағына, оның Баян-Агт сумына тарам жолдармен жүргенде шамалы адасып та таңертең шығып, түн ортасында, қонаға әзер жеттік.

Шивээт-Улаан түркілік кешені зерттеу әдебиетінде 1912 жылда Г. Рамстедт басқарған фин экспедициясынан бері белгілі. XX ғасырдың соңында кешеннің келбетін беретін жоспарларды сызу жалғасын тауып, сол кезден бастап кешеннің тас мүсіндерінің толымды сипаттамаларын Моңғолия, Қазақстан мен Ресей ғалымдары жасай бастады. Ескерткішті зерттеген Д. Баяр, Ц. Доржсурен, В. Войтов және тағы басқа да есімдері XX-XXI ғасырлар шебіндегі ғылыми әдебиетте тұр. Моңғолиядағы түркілік ескерткіштер үнемі дүниежүзі ғалымдарының назарында тұрады. Зерттеулерді Жапония, Корея, Түркия, Германия, басқа да елдердің ғалымдары жүргізе бастады.

Шивээт-Улаанда болған күндері түркі заманының VII-VIII ғасырларда тұрғызылған зәулім ғұрыптық кешеннің күрделі құрылыстарымен, сызба-жоспарларымен танысып, жаңадан қазылған нысандардың ғылымға берер жаңалықтарын сараладық, елімізге көшірмесі жеткізілген әйгілі таңба

тас тақтасын көзбен көріп, түрлі өлшемелер жасап, қиратынды болып жатқан биік тас мұнараның көлемін межеледік.

Бәрімізді екі жанған оттың арасынан өткізіп, отпен аластап алған жергілікті, ешбір шектеусіз Шивээт-Улаанға келген тұрғындар біздің жұмыстарымызға қызыға қарап жүрді. Зерттеушілер мен ақпарат өкілдері ескерткішке танданыс білдіріп жатты. Алып кешеннің маңайын да шолып өттік. Қашық емес өзен аңғарында тастағы суреттер де бар екені белгілі болды.

Алдыңғы-кейінгі зерттеулер бойынша Булган аймағы мен Баян Афт сумының археологиялық ескерткіштері туралы мағлұмат алып, табиғат аясында Дала семинары өткізіліп, ғылыми баяндамалар жасадық.

Даладағы шараларда моңғолша, қазақша әндер де айтылып, ұйымдастырушылар кешкі астан соң түнгі достық алауды да жақты. Халха елі мен түркі халықтарының осындай ғажап ынтымақтасуы көңіл толқытып, әр түкпірден жиналғандардың бәрін қуаныштарға бөледі.

Моңғолия табиғатының әсері

Халықаралық экспедициямыздың уақыты мүмкіндік берген соң моңғолдың кең даласы, тау-тасы, өзен-суын олай-бұлай өткенде кескестеп, жолда адам сүйсінерлік көрінісімен таңқалдырған табиғаттың не бір таңғажайып өлкелерімен таныса жүрдік. Қасиетті Орхон өзенінен барарда да, қайтар жолда да бірнеше рет өттік. Ені ұлы өзендерден кішігірім болса да суы мол, ағысы байсалды, жағасы ашық, жасыл құрақты екен. Көзге сондай ыстық көрінді. Жағасында тыныстап, тағы да рухтанып, суын ұрттап бетімізді жуып, суын жалдап, 1300 жыл бұрынғы бабаларымызды, ел көсемдерін көргендей, орталарында жүргендей сезіндік.

Шивээт-Уландағы Ханүй өзені, жағалауы мен өзі, тау бөктерлері әлемдегі бұрын көз көрмеген ең бір әдемі өлке болып көрінді. Ханүй өзені Орхоннан кішігірім болса да тұнық суы толық, солтүстікке қарай ағып, Селеңгі өзеніне құяды.

Шивээт-Уланнан оңтүстікке, Хөшө-Цайдамға, Орхонның оң жағалауына жақын Өгий-нур - Өги көлі көрінді. Таңғажайып күн нұрына шағылысқан көкпеңкөк көрінісіне тәнті болып, тоқтап, суына қарай жүгірдік. Экспедицияның ғылыми істері күтіп тұрмаса Өги көлінде шомылып, жағасында қонуға да болар еді. Көл жағалауында шетелдік туристерге тігілген киіз үйлер мен ағаш кэмпингтер де көрінді. Айта кететін жағдай, табиғатты тамашалап, қыдырып, демалып жүрген халхалардың өзі емес – халық көп үймелемейтін табиғи таза, оқшау тірлікті іздеп келген, осынау алыс аймаққа жете алған аздаған шетелдіктер.

Моңғол табиғатының ерекше таза тұруында діни нанымдарының да әсері бар. Будда дінінде жерді артық қопаруға, жерді орынсыз таптауға, өсіп тұрған жасыл ағашты кесуге, көл мен өзенді, жағалауларды қоқыспен ластауға тыйым салынған.

Ұланбатырдағы архив пен музейлер, ескерткіштерді көру сәттері

Халықаралық Түркі академиясы экспедициясына қатысушыларды Моңғолия Мемлекеттік архивінің және Моңғолия Ұлттық Ғылым академиясының басшылары арнайы қабылдап, құрмет көрсетті. Екі ел арасындағы ғылыми байланыстарды үдету маңызы айтылды.

Атқарылып жатқан игі жұмыстың бірінің куәгері болып қайттық. Ол – Моңғол мемлекеттік архиві мен Халықаралық Түркі академиясының іс біріктіруімен шығарылған екі мазмұнды кітап. Бірі – Тұрар Рысқұловтың 1924-1925 жылдардағы Моңғолиядағы қызметіне қатысты құжат жинағы [2]. Екіншісі – Коминтерннің Моңғолиядағы өкілі болған Т. Рысқұловтың қызметі туралы Ишжамцын Саруул мен Чулууны Дашдавааның зерттеуі [3]. Бұл басылымдар Моңғолия тарихын зерттеу үшін қажетті екені түсінікті. Қазір отандық тарихта өзекті емес болып тұрған Коминтерн тарихын зерттеуге де құнды дерек көздері.

Моңғолия Ұлттық Ғылым академиясындағы кездесулер де ұмытылмас сәттерге толы болды. Тоқсанда болса да тың ардақты ғалым, академик Шағдарын Бираны отыз жылдан кейін көру қуанышы бұйырды. XIII-XVII ғасырлардағы моңғол тарихнамасын тиянақты зерттеп шыққан ғалым 1985 жылы Алматыда Шоқан Уәлихановтың 150 жылдығы ЮНЕСКО тарапынан атап өтілгенде танымы терең ғалым ретінде ғылыми пікірталастардың бел ортасында жүріп еді. Соны айтып, жылы лебіз білдірдім. 1987 жылдан бастап Моңғолтанудың Халықаралық ассоциациясын басқарды. Моңғол, ағылшын, орыс тілдерінде шыққан 150-дің үстіндегі зерттеулерінің тізімі қолымызда бар. Кітапханам біздің жақта сирек кездесетін халықаралық «Mongolica» журналының 49-томымен толықты.

Моңғолия Ғылым академиясының Тарих және археология институтының жұмыстарымен танысып, бірқатар тарихшы, археолог әріптестерімізбен зерттеу мәселері турасында пікірлестік. «Тарих зерттеулері» («Түхийн судлал») және археологиялық басылымдарымен таныстық. Моңғол Алтайының тоң басқан қорғандары, олардан халықаралық экспедициялар зерттеу жұмыстарының нәтижесінде молынан табылған ағаш заттар мен тері, киіз бұйымдар Ресей Федерациясының Алтай Республикасы және Шығыс Қазақстандағы ескерткіштердің құрылымы, жерлеу ғұрпының ұқсастығы көне табылмалармен қоса б.з.д. IV-I ғғ. археологиялық мәдениеттерді толыққанды тануға мүмкіндік береді. Пазырық мәдениеті ескерткіштері туралы Моңғолиядағы түсінік мол [4].

Моңғолия Ұлттық музейінде моңғол халқының көпғасырлы мәдениетіне қатысты мол мұрамен қатар қызыға қаралған деректердің бір тобы ғұндар заманына қатысты. Бабалар тарихын республика шеңберімен ғана шектеп қарау салдарынан шетелдік ғылымда үлкен зерттеу саласы болған ғұнтану Кеңестік Қазақстанда дәріптелмеді. Ұлы Ғұн патшалығы тарихын шетелдік тарихқа жатқызғандықтан қазақтың ғұнтанушы мамандары да даярланба-

ды. Моңғолия бұл жағынан көп ілгері. Б.з.д. 209 жылы Модун (Мете, Мөде) құрған Ұлы Ғұн империясының тарихы Моңғолияға ғана емес, Венгрияға, Қазақстанға, Түркияға, басқа да түркі мемлекеттері мен халықтарына ортақ болса да, олар емес, моңғолдар 1999 жылы Моңғол мемлекеттігінің 2200 жылдығын кең көлемде атап өтті. Бұл тарихи әділеттік те, өйткені моңғолдар ғұндардың бастапқы ордалы жерінде мемлекетін құрып отырған халық. Ұланбатыр музейі ғұндардың материалдық мәдениеті мен өнерін паш ететін археологиялық мұраға өте бай [5].

Моңғолия Ұлттық музейінде Түркі қағандығының асыл мұралары сақталуда. Олардың ішінде 2000 жылы Түрік-Моңғол экспедициясының Хөшө Цайдамдағы қазба жұмыстарында табылған Білге қағанның алтын тәжі мен алтын құман-тостақтар ерекше танымдық дүниелер. Бұл Шығыс Түркі қағандығының мемлекеттік рәміздері қатарында болса, 2003 жылы біздің Шәкәрім университеті экспедициясы зерттеулері кезінде Сарыкөлде табылған алтын құман Батыс Түркі қағандығының Шыңғыстаудағы ордасын белгілеп тұр. Қағандықтар заманындағы түркілердің бас ордалары Моңғолиядағы Хангай мен Қазақстандағы Шыңғыстауда тұрды деп сеніммен айта аламыз. Ал, Саян-Алтайда табылған күміс құмандар Түркі қағандығының жеке ұлыстарының орталықтарын мегзейді.

Сондай-ақ, Ұйғыр, Қырғыз қағандықтары, Қытандар мемлекеті, әрине, Ұлы Моңғол империясы заттай мұраларының көбін де Ұланбатыр музейінен көруге болады. Алып империяның астанасы Қаракорымды (Хархорум) 2005-2006 жж. зерттеген Моңғол-герман экспедициясының материалдары да осында.

Ұланбатырда тағы бір ғажап тарихи орынмен танысудың сәті түсті. Ол – VIII Боғды хан сарайлары музейі. Моңғолияның Будда діні басшысы, азаттық күрескері, мемлекет қайраткері және мәдениет меценаты VIII Богд-гэгэн - Цин империясына қарсы 1911 жылғы халық революциясынан кейін Богд хан - 1869 жылы туып, 1924 жылы 55 жасында қайтыс болған. 1893-1903 жылдары шығыстық үлгіде, моңғол сәулет өнерінің озық туындылары болған салтанатты сарайлар құрылыстарын, 1912 жылы еуропалық үлгідегі Қысқы сарай салғызады. Жазғы ордасының бірінші ауласында жеке-жеке атаулары бар төрт, екінші ауласында үш әсем ғибадатханалар және кешеннің салтанатты қақпалары тұрғызылады. 1961 жылға дейін сарайларда Моңғолияның Ұлттық музейі орналасты. Одан бері Боғды хан музейі сән-салтанатымен, Будда мәдениетінің өнер туындыларына бай экспонаттарымен көпті таңқалдырып келеді. Басқасын айтпағанда, мұнда I Богд гэгэн, Халханың билеушісі, моңғолдың оқымыстысы, соёмбо әліпбиін жасаушы және ұлы мүсіншісі Дзанабадзардың (1635-1723) туындылары қойылған. 21 Тара, оның ішінде моңғол мүсін өнерінің жауһарлары ретінде бағаланған буддизмде қасиетті Ақ Тара мен Жасыл Тара әйел бейнелері де бар.

Боғды хан Қысқы сарайының ішіндегі бөлмелер XX ғасыр басындағы Моңғолияның саяси өмірінен, Боғды хан мен оның зайыбы Цэндийн Дондогдулам өмірі мен тұрмысынан, моңғол сурет және қолданбалы өнері жөнінде мол мағлұмат береді [6].

Боғды ханның ерекше бір коллекциясы – әлемдегі сирек аң-құстардың таксидермиялық жаңғыртпалары. Оның негізін Гамбург қаласынан 1901 жылы алдыртқан экспонаттар құрайды.

Тарих тұлғаларына арнаған ескерткіштер

Шыңғыс хан Моңғолияның пір тұтар басты тұлғасы екенін әу баста айттық. Дүйім моңғол елі қасиет тұтатын Шыңғыс хан мен Сұхбатыр ескерткіштерінен басқа да ескерткіштер жақсы әсерге бөледі. Мүсін - моңғол халқында ежелден дамыған озық өнер. Біздегі кейбір асығыс қойылған, кейіпкер бейнесі ашылмаған ескерткіштерге қарағанда жан-жақты ойластырылған, мүсін сапасын да келістіріп, тұрған жерін де мән-маңызымен ескерген туындылар моңғол елінде жетерлік.

Ескерткіштерге көріп, оларға ой жүгірткенде мүсіншілердің тұлға мүсінінің орналасу жері, бейнесін ашу ерекшелігі, бет-жүзін қарату бағыттарына дейін есепке алғаны туралы Акеділ Тойшан әсерлі айтты. Сондай көркемдігі жоғары мүсіннің бірі моңғолдың ескі әдебиетін зерттеуші әйгілі ғалым, аудармашы, Моңғолияның бірінші академигі Бямбын Ринченнің (1905-1977) бейнесін ашып тұр. Ғалым қарапайым моңғол шапанын киіп, жаңа ғана тағы бір құнды рухани мұра – қолжазба кітапты жең ішінен шығарып, ел мұрасын тағы да өз зерттеуімен байытуға беттеп, ойға шомып тұрған қалпында бейнеленген. Ринчен ескерткіші Ұланбатыр Орталық кітапханасының алдында, бұрын Сталин ескерткіші тұрған жерге орнатылған. 2005 жылдың маусым айында ашылған. Мүсіншісі – Цэвэгмидийн Амгалан.

Ескі заманның соңы – жаңа Моңғолияның басқы кезеңіндегі саяси қайраткер Цэрэндорждың билік иесі, өзіне өзі сенімді бейнесі әсерлі. Социализм заманындағы басшылары мен саяси қайраткерлерінің де ескерткіштері кесек. 1946 жылы мүсінші С. Чоймболдың сомдауымен маршал Х. Чойбалсанға көзі тірісінде ескерткіш орнатылған. Заманында Сталинге бағынышты көсем еліне қаншама қатыгездік орнатса да моңғол халқы елдің дербестігін сақтап қалғанын бағалай біледі. Чойбалсан маршалдық киімде бейнеленген, оң қолы жартылай ашылған кителінің оң жағасында, сол қолымен қолғаптарын ұстап тұр. Бергі социализм заманының көсемі Юмжагийн Цеденбалдың креслода мығым отырған бейнесі оның қырық жылдан астам уақыт мызғымас билігін елестеткендей. Отырған күйіндегі Ж. Самбу ескерткіші де сондай әсер береді.

Мүсін кешендерінің де айтары айқын. XVIII ғасырдағы азаттық күрес басшысы Чингужав ат үстінде жаумен аянбай айқасуға дайын. Ал, Ұланбатырдағы ең үлкен мемориалдық кешен Зайсан тауының биігінде Халгин-Гол ше-

каралық қақтығысының 50 жылдығына арналып, 1979 жылы тұрғызылған. Ол мызғымас моңғол-кеңес достығын бейнелеген. Зайсан тауынан қала алақанындағыдай көрінеді, сол себепті бұл жерге туристер ағылып келіп, Моңғолия астанасын биіктен тамашалап, суретке түсіріп жатады. Біз барған күні Зайсан биігінде моңғолиялық бүркіт ұстаған қазақ туристерге қызмет көрсетіп жүрді.

Моңғолиядағы моңғол тілі

Қазақстан мен Моңғолияны салыстырсақ, қоғамда толыққанды қызметін атқарып тұрған тіл – моңғол тілі. Бұл тарихтың талай тауқыметін бастан кешірген, сан қырғын жоя алмаған моңғол халқының бақыты. 90 телеарна-ның түгелдейі дерлік халқа-моңғол тілінде сайрап тұр. Шетелдік кино-телевизиялық өнімдер де моңғол тіліне аударылып, ұсынылады. Жаңалықтарды қарасаңыз, «Euronews» те моңғол тілінде. Ақпараттық тәуелсіздікке қол жеткізген, соны дамытып отырған халық, әрине, мәңгі. Моңғол халқы көне түркілердің өсиетін орындаған халық.

Қазіргі жаһандану заманында жас буын моңғолдар орыс тілінен алыстап, ағылшын тілін еркін меңгере бастаған. Біздегідей құрақ ұшу сәні бойынша қонақ үй ресепшндегі қыздар шетелдік бізге ағылшынша сөйлей бастағанда жаттап алған моңғолша бірер сөздерді айтып, оларға да шаңырақ иесі халықтың тілін сырттан келгендер аздап болса да білуі тиіс деген ойды өзімше шегелеп беруге, халха-моңғол тіліне құрмет көрсетуге тырыстым.

Ұлттық кітапхана

Моңғолияға келген делегация, экспедиция құрамы қайтып кетті. Өз әдетім бойынша, аңызды елде тағы бір-екі күн аялдағым келді. Ондағы мақсат Моңғолияның Ұлттық кітапханасымен, аз да болса сондағы басылымдармен танысу еді. Моңғол тілін үйренуге ертерек қам қылмағаныма моңғол басылымдарымен танысқан кезде өкіндім. Кітапхана қызметкерлері көмектерін көрсетіп жатты. Моңғолия басылымдары бір бөлек, Өвөр моңғол, яғни Қытайдағы Ішкі Моңғолия басылымдары бір бөлек жіктелген екен. Дегенмен, бірнеше кітаптарға тапсырыс беріп, өзіме қажетті деген кей деректерді алып қайттым. Ұлттық кітапханада бурят («буриад монгол»), қалмақ (халимаг), басқа да моңғол тілдеріндегі әдебиет мол жинақталған. Әрине, орыс (орос), еуропа, қытай (хятяд), түрік, қазақ тілдеріндегі Моңғолияға қатысты әдебиет те жетерлік. Құнды басылымдардың бірқатарын Халықаралық Түркі академиясы тарту етіпті.

Ұнамағаны, кітапхананың тарихи ғимаратына жақын тұстарға қазіргі зәулім аспандақтар салынып, кітапхана ауласын тарылтып, айналма галерея ғана қалдырыпты. Ұланбатырдың орталығындағы басқа ескі ғимараттар да зәулім құрылыстардан қысым көріп, ығысуда. Ескі архитектуралық келбетіне нұқсан келіп-ақ тұр.

Моңғолия астанасы Ұланбатырда жүргенде біз, Қазақстан, Қиыр Шығыстың Оңтүстік Корея, Жапон сияқты жыртықш капиталдарынан алысырақ болғанымызға тәубе дедім. Әсіресе Кореяның капиталы мүлде орнығып алған. Сауық, тамақтану кешендерінің, қонақ үйлердің көбі де солардың қолында. Ұланбатырдың орталығын да аспандақ құрылыстармен тарылтып отырған солар деген ойға қаласың. Қала ішінде менімен әңгімелесе қалған кітапханашы бір әйел корей, жапон, қытай бизнесі жайында «осы бізде Ұланбатырда моңғолдарға жер қалдыра ма мыналар?» деп те кейіс білдірді.

Анаға деген құрмет, моңғол халқының мінезі

Халқа-моңғол мәдениетінің тамаша көрінісі – ананы сыйлау. Қоғамдық қай жерге барсаң, әйел адамға төрдегі орын дайын. Көпшілік кіріп-шығатын дүкендерде де ана төрде отырып, емшектегі баласын емізіп отырады. Моңғолияда қыңқ еткен бала көрмейсің. Моңғол әйелдерінің көбі аласалау, бірақ мығым, омыраулы келеді. Бөбек ана сүтіне тойып өседі. Ана сүтімен ғана қоректенген, мейірленген баланың мінезі де орнықты, аса сабырлы. Таза табиғатта, таза ет пен сүттің құнарымен өскен, ұлттық жарыстарда шыныққан моңғолдар әлемдегі денсаулығы мығым, ең күшті халық. Күрестің әлем жарыстарындағы табыстарына қарасақ, сондай қорытындыға келесің.

Моңғолдар төзімді, көп сөзге жоқ, өзін де, өзгені де сыйлайтын аса сабырлы халық. Көшеде шағын дінгіршек, дүкендерге де бас сұғып, жергілікті халық тұрғындарымен аз-мұз сөйлесіп, таксимен де жүріп байқадым. Қала ішінде көмектесуге, жөн сілтеп жіберуге даяр. Кешкі уақытта көшедегі кептеліс қатты, бірақ моңғол автожүргізушілері бізге таңқалысты асқан бір сабырлықпен бір-біріне жол беріп, айғайласып-боқтаспай-ақ жылжи береді.

Моңғолия шаруашылығынан алатын тағлым

Моңғолияның қырына шыққанда қапастан шыққандай сезінесің. Жер бетінде технология мен шаруашылық шайқамаған елдер табыла қалса, алғашқылардың қатарында, тіпті бірінші болып ұланғайыр жері бар Моңғолия тұрады. Әрине, небәрі үш жарым миллионға жетпейтін халқы бар елдің ірі қоныстарсыз тірлік етуінің әсері де бар. Ел астанасы Ұланбатыр тұрғындары 1 млн 400 мың болса, Эрденетте 92 мың, Дарханда 75 мың, Чойбалсанда 42 мың ғана – яғни, олар қазіргі түсінікте мүлдем кіші қалалар. Жер көлемі бойынша Моңғолия әлемде 19-орында тұрса, қоныстану тығыздығынан 195-орында екен.

Моңғолдың дәстүрлі мал шаруашылығының табиғатқа зияны аз. Моңғол араттары жер-жерде, тау аралықтарында бір-екі үй болып қана шашыраңқы отырып, әлемдегі бағзы бақташылық дәстүрді молынан сақтаған. Жүздеген жылдар бойы қалыптасқан экологиялық шаруашылықтың озық үлгісі. 50 миллионнан артық мал басы бар. Бұл жан басына шаққанда басқа бір ел қол жеткізе алмайтын байлық. Оның ішінде қой мен ешкі 45 млн, жылқы 3

млн. Моңғолия көшпелі мал шаруашылығын сақтап қалған әлемдегі жалғыз мемлекет, оның тиімділігін де көрсетуде. Арат шаруашылықтары іріленген, әрине. Әрбіреуінде бір мыңнан астам мал бар арат отбасыларының саны 3,5 мыңнан асады және бұл көрсеткіш өсіп келеді.

Әрине, заманға байланысты, моңғол жерінде оның бай қазба байлықтарын игеру жолға қойылған. Мұнда алтын да, уран, вольфрам, көмір де көп өндіріледі. Тау-кен өндірісі жалпы өнімнің 20 пайызын құрайды да қазіргі моңғол экономикасының қарқынды өсуін қамтамасыз етіп келеді. Біз ол аймақтарға жолаған жоқпыз.

Моңғол тағамы және бізде жоқ брендтер

Қышкыл ас, біздің түсінігімізде шала піскен етпен, орман жаңғағымен қоректенген халықтың аузындағы отыз тісінің бәрі қартайғанша өз орнында тұратына да табиғи денсаулықтың көрінісі. Ұланбатырдың көшелерінде әлгі балқарағай жаңғағы, базарларында құрттың «Будда табанынан» бастап, макарон, вермишель, түріндегісін үлкенді-кішілі тамақ өндірісі әлдеқайда меңгеріп алған. Шығыс Қазақстандағы Зайсаннан басқа жерде өлшемелі тұщы құрт сатылмайтын біздегі жағдай күлкілі. Халхалардың «айраг» - «айрығ» деп дыбысталатын қымызына үйрену керек. Арқаның қымызын артық деп есептейміз, әрине. Өйткені, моңғолдарда қымыз сабасын тобылғының түтінімен ыстау деген жоқ, көп пісіп, сапырып баптайтынын да байқамадық. Қаладағы халықтың жақсы көретін тағамының бірі қойдың майына қуырылған ет салған хушур самса. Тойымды, бірақ майлы болса керек. Бірақ, біз бауыздалмаған малдың етін жей алмаймыз. Будда дініндегі халхалар, керісінше, бауыздалған малдың етін жемейді. Айранымыз – тарығ, құртымыз – ғрут, бауырсағымыз – боорцоғ. Баяғы заманнан моңғолдар арақ – архи – ішеді.

Моңғол мемлекеттік архивінде түс мезгілдегі қабылдауда ұзынша ширээ - үстелдерге бірқатар дастархан мәзірі арасында моңғолдың өте сапалы «Шыңғыс хан» арағы да қойылды. Сыпайылық қысып, біраз ыңғайсызданған соң қасымдағы әріптесім, тывалық археолог Демир Тулушқа «анадан алсаңызшы» деп ымдап жібердім де, бірнеше адамдарымыз әңгіме барысында әлгі сусыннан шамалы татып үлгерді. Жасыратыны жоқ, елге қайтарда базарын бір аралап шыққан әріптестеріміз «Шыңғыс ханның» бір-бір шөлмегін жақсы базарлық ретінде алып қайтты. Мен қолдағы қаражатымды сарқа кітаптар мен шағын сувенирлерге жұмсап едім. Басқаға жеткізе алмадым.

Моңғолша кітаптармен қоса біздің елде жоқ сирек тарих карталарын да алып едім, бірақ, өз аңқаулығымнан машинамен аэропорт ғимаратына түскенде, қабырғаға сүйеп қойған қағаз бумаларымды қарбаласта ұмытып кеттім. Тексеруден өтіп кеткен соң ойыма түсіп, кеш болып кетті.

Қорытынды

Экспедиция жұмыстары мен алғашқы әсерлері туралы «Егемен Қазақстан» газеті де, бауырлас елдердің басылымдары да мазмұнды ақпар, танымды мақалалар берген. Көлемді жазбаны Әзірбайжанның «Birlik» журналында экспедицияға қатысқан Аида Ейвазлы жазды [7]. Менің жазбаларым солардың жазғандарына толықтырма деп қабылдаңыздар.

«Өтүкен қойнауында отырсаң мәңгі ел тұтып отырасың сен!» («Өтүкен йыш олурсар беңгү іл тута олуртачы сен!») деп Күлтегінге арналған жазудағы ескертпе-өсиетті тарих пен тағдыр ісімен жан-жаққа тарап кеткен түркі жұрты емес, сол орында, Моңғолияның дәл ортасындағы Хангай тауын мекендеп отырған моңғол халқы ұстанып отыр. Шыңғыс хан түркілердің өсиетін бес ғасырға жеткенде ұрпағына, халқына ұмытылмастай етіп жаңғыртып өтті. Өсиетке берік кейінгі халық байырғы мекен, туған жерінен алыстап кеткен жоқ.

Қазақ пен моңғол халықтары туыс та, тағдырлас. Атам заманнан бастап бірге. Хандық заманында Есім хан мен моңғолдың Алтын хандары одақтас болғандығы тарих деректерінде жазылған. Қарым-қатынасымыз күрделі өрбіген құдандалы халықтар құба қалмақ пен торғауыт қалмақ емес – қара қалмақ халха-моңғол мен қазақ өмір бақи достықта болған. Дін де, тіл де кедергі болмаған.

Осы заманда, мына мазасыз әлемде Қазақстан мен Моңғолия өзара тығыз қарым-қатынасқа зәру. Жоқ емес, бар ол қатынастар, бірақ үлкен болашағы алда деп есептеймін. Қазақ пен моңғол, ежелден тағдырлас моңғол мен түркі халықтары бір болса әлемде бізді алатын күш жоқ! Түркі-моңғол халықтарының бірлігі, болашағы үшін еңбектене берейік, ағайын.

ӘДЕБИЕТ

Хөх түрүгийн бичиг. Монгол нутаг дахь хөх түрүгийн үсийн бичигт хөшөөд / Д. Баатар. - Улаанбаатар, 2008. – 202 б.

Турар Рыскуловын Монгол дахь үйл ажиллагаанд холбогдох баримтууд / Эмхэтгэж, хэвлэлд бэлтгэсэн И. Саруул, Ч. Дашдаваа. Хянан нягталсан Н. Болд. – Улаанбаатар, 2016. – 183 б.

Саруул И., Дашдаваа Ч. Коминтерний төлөөлөгч Турар Рыскуловын Монгол дахь үйл ажиллагаа. – Улаанбаатар, 2016. -147 б.

Монгол Алтайн Мөнх Цэвдгийн Булш. Монголын Пазырыкийн соёл. – Үзэсгэлэнгийн каталоги. – Улаанбаатар, 2016. – 136 б.

Хүннүгийн эзэнт гүрэн // Монголын Үндэсний Музей. - Улаанбаатар, 2009. – 216 б.

Богд хааны Ордон Музей. Үзмэрийн дээжис. – Улаанбаатар, 2013. – 116 б.

Eyuvazli A. Tonyukukdan gələn var... // Birlik. 2016. № 5-6. 40-46-бб.

REFERENCE

Hөһ тыргыгйн бичиг. Mongol nutag dah' hөһ тыргыгйн үсijн бичигт hөshөөд / D. Baatar. - Ulaanbaatar, 2008. – 202 b.

Turar Ryskulovyn Mongol dah' үjl azhillagaand holbogdoh barimtuud / Emhetgezhi, hevleld beltgesen I. Saruul, CH. Dashdavaa. Hyanan nyagtalsan N. Bold. – Ulaanbaatar, 2016. – 183 b.

Saruul I., Dashdavaa CH. Kominternij төлөөлөгч Turar Ryskulovyn Mongol dah' үjl azhillagaa. – Ulaanbaatar, 2016. -147 b.

Mongol Altajn Mөnh Cevdgijn Bulsh. Mongolyn Pazyrykijn soyol. – Yzesgelengijn katalogi. – Ulaanbaatar, 2016. – 136 b.

Hүnnүгijn ezent gyren // Mongolyn Yndesnij Muzej. - Ulaanbaatar, 2009. – 216 b.

Bogd haany Ordon Muzej. Yzmerijn deezhis. – Ulaanbaatar, 2013. – 116 b.

Eyvazli A. Tonyukukdan gөлөң var... // Birlik. 2016. № 5-6. 40-46-bb.













«АЛТАИСТИКА, ТҮРКОЛОГИЯ, МОҢҒОЛИСТИКА»

халықаралық ғылыми журналда жарияланатын
мақаланы рәсімдеудің
ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕСІ

«Алтаистика, түркология, моңғолистика» халықаралық ғылыми журналының Редакция алқасы келесі талаптарға сәйкес ғылыми мақалаларды қабылдайтыны туралы хабарлайды:

- Журналдың Редакция алқасы бұдан бұрын жарияланбаған, ғылыми зерттеу мәселенің тұжырымдамалық негіздемелері мен шешімдері қорытындыланған түпнұсқалық ғылыми еңбектерді қарастырады.

- Мақаланы Редакция алқасына жіберу дегеніміз, автор Халықаралық Түркі академиясы Баспагердің, мақаланы журналға жариялап, оны кез-келген шет тілінде қайта басу құқығына келісетіндігін білдіреді.

- Редакция алқасы мақалаға қатысты теріс сараптамалық бағам болған жағдайда материалдан бас тарту құқығын өзіне қалдырады. Қажетті жағдайда мақалаға қайта өңдеулер мен түзетулер жасау үшін авторға арнайы жіберіледі.

Мақаланы құрылымы:

- Материал көлемі А4 форматындағы 25 беттен аспауы тиіс. Times New Roman 12 кәріпінде теріліп, жоларалық қашықтық – 1,5, азат жол – 1,25 см.

- Мақала түркі тілдерінде, моңғол тілінде, орыс және ағылшын тілінде қабылданады.

- Мақаланың басында сол жақ жоғары бұрышында **FTAMP** (Ғылыми-техникалық ақпараттың Мемлекеттік рубрикаторы) (<http://lib.gup.kz>, <http://grnti.ru/>, **ЭОЖ** (эмбебап ондық жіктеме) (<https://teacode.com/online/udc/>), **DOI** (<https://www.doi.org/>) көрсетіледі.

- Мақаланың басында **мақала атауы, автор (авторлар) туралы мәліметтер, түйін** (150-300 сөз), **кілт сөздер** (6-8 сөз) *мақала жазылған тілде* жазылады. Одан кейін **мақала атауы, автор туралы мәліметтер, түйін, кілт сөздер ағылшын және орыс тілінде** жазылады.

- Мақала автордың (авторлардың) аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, ресми лауазымы, ресми мекеме, ұйым атауы, (көп автор үшін санмен тізбектеп), қаласы, мемлекеті жазылады. Жаңа жолдан автордың (авторлардың) **э-майл** мекені жазылады.

- **Мақаланың негізгі бөлігінде** кіріспе, зерттеудің мақсаты, міндеттері, зерттеу әдістері мен нәтижелері, тұжырымдар, талқылау, түйіндер (қорытындылар) қамтылуы тиіс.

- Мақалаға Word және Excel форматындағы **диаграммаларды** енгізуге болады. **Кестелер** Word форматында біртұтас рәсімделіп, бір беттен екінші бетке ауысқан кезде алшақтықтар болмауы тиіс. Жарияланатын материалдарда пайдаланған суреттердің электрондық нұсқалары **JPG** (300-400 мегапиксель) форматында болуы шарт.

- Қолданылған **әдебиет** пен оның **References** мақаланың соңында беріледі және пайдалану реті бойынша жазылуы тиіс (*ГОСТ 7.1-2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления»*). Мәтіндегі сілтемелер төртбұрышты жақшаларда көрсетіліп, мәтіндегі аталу тәртібі бойынша нөмірленеді және пайдаланылған беттері көрсетіледі (мысалы: **[1, 75]**). Интернет-ресурстарға сілтеме жасағанда өтініш жасаған күнді жақша ішінде келесі тәртіпте жазу қажет: күні, айы, жылы.

«АЛТАИСТИКА, ТҮРКОЛОГИЯ, МОҢҒОЛИСТИКА» халықаралық ғылыми журналы – жылына төрт рет (тоқсан сайын) басылып шығады.

Барлық мақалалар **тегін жарияланады.**

Редакцияның мекен-жайы:

Тәуелсіздік даңғылы, 57.

Бейбітшілік және келісім сарайы, 7-нші қабат.

Нұр-Сұлтан, 010000, Қазақстан Республикасы

тел: +7 (7172) 744785

Журналдың электрондық нұсқасы: <http://altaistics.org/>

e-mail: napilbaz@gmail.com, aasem-dariya72@mail.ru

**Uluslararası Bilimsel
ALTAYİSTİK, TÜRKOLJİ, MONGOLİSTİK
Dergisinde Yayımlanacak Makaleler İçin
GENEL KURALLAR**

Altayistik, Türkoloji, Mongolistik Dergisinde makale yayımlama ilkeleri:

- Daha önce hiçbir yerde yayımlanmamış, kavramsal vizyon ve sorunlara çözüm öneren “öz”lü yazılar değerlendirilir.
- Makalenin Yayın Kurulu’na gönderilmesi, yazarın “Yayıncı” sıfatındaki Uluslararası Türk Akademisi’ne **yazıyı dergide yayımlama ve herhangi bir yabancı dile çevirerek tekrar yayımlama** hakkı tanınması anlamına gelir.
- Yayın Kurulu, hakemin olumsuz rapor vermesi durumunda yazıyı geri çevirme hakkına sahiptir. Gerekli görüldüğü durumlarda yazardan öneri ve düzeltme taleplerinde bulunulabilir.

Uyulması gereken genel kurallar:

- Makele, A4 formatıyla toplam 25 sayfayı geçmemeli. Times New Roman yazı karakteri ile, 1,5 satır aralıkla 12 punto yazılmalı. Satır başı aralığı 1,25 cm olmalı.
- Türk dillerinde, Moğolca, Rusça ve İngilizce yazılan makaleler değerlendirilir.
- Makalenin başında üst sol tarafta **DOI indeksi** (<https://www.doi.org/>) gösterilmelidir.
- Makalenin başında **makale adı, yazar (yazarlar) hakkında bilgi**, 150-300 kelimelik **özet** ve **anahtar kelimeler** (6-8 kelime/kelime grubu) makalenin yazıldığı dilde verilmeli. Sonra aynı şekilde makale adı, yazar (yazarlar) hakkında bilgi, özet ve anahtar kelimeler **İngilizce** verilmeli.
- Yazarla ilgili bilgi kısmında yazarın adı, soyadı, ünvanı ve bağlı olduğu kurum, şehir ve ülke yazılmalı. Yeni satırda yazarın (yazarların) **e-mail** adresleri verilir.
- **Makale metni:** Giriş, hedef ve amaçlar, araştırma yöntemleri, neticeler, tartışma, sonuç içermeli.
- Metinde Word ve Excel’de yapılmış **diyagramlar** kullanılabilir. Tablolar Word formatında yapılır ve bir sayfadan diğer sayfaya geçerken bölünmemiş olmalı. Metinde kullanılan resimlerin elektronik nüshaları jpg (300-400 megapiksel) formatında sunulmalı.
- **Kaynakça ve References** : Makale metninin sonunda, kullanma sırasına göre yazılmalı. Metin içinde kaynaklar, köşeli parantez içerisinde kullanma sırası ve sayfası verilecek şekilde gösterilmeli (örneğin, [1, 75]). Elektronik ortamdaki metinlerin kaynak olarak gösterilmesinde parantez içerisinde yayım tarihi gün, ay ve yıl sırasıyla belirtilmeli.

Altayistik, Türkoloji, Mongolistik Dergisi üç ayda bir olmak üzere yılda dört defa çıkar.
Makalelerin yayımlanması için **ücret talep edilmez.**

Yayın Kurulu:

Tavelsizdik caddesi, 57.
Barış ve Uyum Sarayı, 7. Kat,
Nur-Sultan, 010000, Kazakistan Cumhuriyeti
Tel: +7 (7172) 744785
Deginin Web sitesi: <http://altaistics.org/>
e-mail: napilbaz@gmail.com, aasem-dariya72@mail.ru

«АЛТАЙ СУДЛАЛ, ТҮРЭГ СУДЛАЛ, МОНГОЛ СУДЛАЛ»
ОЛОН УЛСЫН ЭРДЭМ ШИНЖИЛГЭЭНИЙ СЭТГҮҮЛД
ӨГҮҮЛЭЛ НИЙТЛҮҮЛЭХ ҮНДСЭН ШААРДЛАГА

Алтай судлал, түрэг судлал, монгол судлал» олон улсын эрдэм шинжилгээний Сэтгүүлийн Зөвлөл эрдэм шинжилгээний өгүүлэлийг доорх шаардлагын дагуу хүлээн авч хэвлүүлэх болно. Үүнд:

- Сэтгүүлийн Зөвлөл урьд өмнө хэвлэгдэж байгаагүй, шинэ санал дэвшүүлсэн, тухайн асуудлыг нарийн хөндөж, улмаар шийдсэн агуулгатай судалгааны эх бичвэр өгүүллийг онцгой харгалзах болно.

- Сэтгүүлийн Зөвлөлд өгүүлэл илгээснээр зохиогч нь Олон улсын Түрэг академийн зүгээс хэвлэн нийтлэх эрхийг зөвшөөрч байгааг батлах ба уг өгүүллийг гадаад хэлээр дахин хэвлэхийг бас зөвшөөрч буйг нотлох юм.

- Сэтгүүлийн Зөвлөл нь уг өгүүллийн тухай мэргэжлийн шинжээч сөрөг үнэлгээ хийсэн, шүүмж бичсэн тохиолдолд хэвлэн нийтлэхээс татгалзах эрхтэй болно. Хэрэв шаардлагатай гэж үзвэл уг өгүүллийг дахин хянан засварлахын тулд зохиогчид буцааж илгээнэ.

Өгүүллийн бүтэц:

- Өгүүллийн хэмжээ нь А4 форматын 25 -аас илүү бус хуудас. Үсгийн хэмжээ Times New Roman – 12, мөр хооронд – 1,5, догол мөр – 1,25 см.

- Өгүүллийн Эх хувь нь *түрэг хэлнүүд, монгол хэл, орос хэл бас англи хэл* дээр бичигдсэн байж болно.

- Өгүүллийн нүүр хуудасны зүүн дээд талд **DOI** (<https://www.doi.org/>) код бичигдсэн байна.

- Өгүүллийн эхэнд уг өгүүллийн нэр, зохиогчийн (зохиогч нарын) тухай мэдээлэл, товчлол (150-300 үг), түлхүүр үгсийг (6-8 үг) тухайн бичвэрийн эх хэлээр бичнэ. Үүний дараа мөн өгүүллийн нэр, зохиогчийн (зохиогч нарын) тухай мэдээлэл, товчлол, түлхүүр үгсийг *англи ба орос хэлээр* бичсэн байна.

- Зохиогчийн (зохиогч нарын) мэдээлэлд нэр овог, эрдмийн зэрэг, эрдмийн цол, албан тушаал, ажлын газрын, хот, улсын бүрэн нэрийг нүүр талын хуудсанд (олон зохиогчийг тоон эрэмбээр) байрлуулна. Мөн Зохиогчийн (зохиогч нарын) и-майл хаягыг бичнэ.

- Өгүүллийн үндсэн хэсэгт нь оршил, судалгааны зорилго, үүрэг, судалгааны аргазүй, үр дүн, үндсэн гаргалгаа (дүгнэлт) хамрагдсан байх ёстой.

- Өгүүлэлд Word буюу Excel форматын **диаграмма** байж болно. Хүснэгт-үүд Word форматаар, нэгэн хуудаснаа таслагдахгүй бүрэн байх нь зүйтэй. Өгүүлэлд ашиглаж байгаа гар зураг, гэрэл зургууд нь **JPG** (300-400 мегапиксель) форматтай байх ёстой.

- Эшлэл зүүлт авсан **Номзүй** болон түүний **References** өгүүллийн эцэст ашигласан дарааллын дагуу бичигдэнэ. Өгүүлэл дотор эшлэл [1, 75] хэлбэртэй бичигдэнэ. Интернетээс зүүлт авбал он, сар, өдөр нь бичигдсэн байх ёстой.

«АЛТАЙ СУДЛАЛ, ТҮРЭГ СУДЛАЛ, МОНГОЛ СУДЛАЛ» олон улсын эрдэм шинжилгээний сэтгүүл нь – жилд дөрвөн удаан (улирал тутам) хэвлэгдэнэ.

Өгүүллүүд **үнэ төлбөргүй** хэвлэгдэнэ.

Сэтгүүлийн Зөвлөлийн албан ёсны хаяг нь:

Тауселсиздикийн өргөн чөлөө, 57.

Энх тайван ба эвслийн ордон, 7-р давхар.

Нур-Султан хот, 010000, Казахстан улс

утас: +7 (7172) 744785

Сэтгүүлийн вэб-сайт хаяг нь: <http://altaistics.org/>

E-mail: napilbaz@gmail.com, aasem-dariya72@mail.ru

ОБЩИЕ ПРАВИЛА
к содержанию и оформлению статей для публикации
в Международном научном журнале
«АЛТАИСТИКА, ТЮРКОЛОГИЯ, МОНГОЛИСТИКА»

Редакция Международного научного журнала «Алтаистика, тюркология и монголистика» уведомляет о приеме научных статей при условии соответствия нижеследующим правилам:

- Редакция журнала рассматривает **ранее не опубликованные оригинальные научные работы**, предлагающие концептуальное видение и решение проблемы.

- Отправление статей в редакцию означает согласие авторов на право Издателя, Международной Тюркской академии, **издания статей в журнале и перенесения их на любом иностранном языке.**

- Редакция оставляет за собой право отклонения материала в случае получения на него отрицательной рецензии. При необходимости статья возвращается авторам на доработку.

Схема построения статьи:

- Объем материала не должен превышать 25 страниц формата А4. Шрифт: Times New Roman, размер – 12, межстрочный интервал – 1,5, отступ «красной строки» – 1,25 см.

- Статьи принимаются на тюркских, монгольском, русском и английском языках.

- В начале статьи, вверху слева следует указать **индекс МРНТИ** (<http://grnti.ru/>), **УДК** (<https://teacode.com/online/udc/>), **DOI** (<https://www.doi.org/>).

- В начале необходимо приложить **название статьи, информации об авторе (ах), аннотацию** (150-300 слов) и **ключевые слова** (6-8 слов/словосочетаний) **на языке оригинала** статьи на котором написан полный текст публикации.

- Далее оформляются название статьи, сведения об авторе (ах), аннотация и ключевые слова **на английском и русском языках.**

- В информации об авторе (ах) указывается имя, фамилия автора, ученые степени, ученые звание, название организации(ий), в которой выполнена работа, рядом с фамилией автора необходимо указать цифру, эта же цифра указывается в названии организации, города, страны. С новой строки необходимо указать **E-mail** авторов.

- **Основной текст** статьи должен содержать введение, задачи, цели, методы исследования, результаты, обсуждение, выводы (заключение).

В статье допускается создание **диаграмм** в Word и Excel. **Таблицы** оформляются в формате Word, при переходе с одной страницы на другую не должно быть разрывов. Электронные версии рисунков, используемые в публикуемом материале должны быть в формате jpg (300-400 мегапиксель).

- **Список литературы** и его **References** прилагается в конце статьи, и должен быть составлен в последовательности использования (*ГОСТ 7.1-2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления»*). Ссылки в тексте обозначаются в квадратных скобках, нумеруются по порядку упоминания в тексте, и сопровождаются указанием использованных страниц (например, [1, 75]). В ссылках на интернет-ресурсы в скобках необходимо написать дату обращения в следующем порядке: **чч.мм.гг.**

Периодичность издания журнала «АЛТАИСТИКА, ТЮРКОЛОГИЯ, МОНГОЛИСТИКА» – четыре раза в год (ежеквартально).

Все статьи публикуются **на бесплатной основе.**

Адрес редакции:

пр. Тауелсиздик, 57, Дворец мира и согласия, 7-этаж,

Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан

тел: +7 (7172) 744785

Электронный адрес журнала: <http://altaistics.org/>

E-mail: napilbaz@gmail.com, aasem-dariya72@mail.ru

GENERAL RULES
to the content and design of articles for publication
in the international scientific journal
“ALTAISTICS, TURKOLOGY, MONGOLISTICS”

The editors of the International Scientific Journal “Altistics, Turkology and Mongolistics” notify of the acceptance of scientific articles, subject to the following rules:

- The **original, unpublished scholarly works** presenting a conceptual vision and solution of a problem, are to be accepted.
- The editorial staff of the journal considers **previously unpublished original scientific papers** offering a conceptual vision and solution to the problem.
- Sending articles to the editors means the consent of the authors to the rights of the Publisher, the International Turkic Academy, **publishing articles in the journal and reprinting them in any foreign language**.
- The editors reserve the right to reject material in case of receiving a negative review. If necessary, the article is returned to the authors for revision.

The main rules for articles:

- The volume of material should not exceed 25 A4 pages. Font: Times New Roman, size - 12, line spacing - 1.5, indent of the “red line” - 1.25 cm.
- Articles are accepted in (any of) Turkic, Mongolian, Russian and English.
- At the beginning of the article, the DOI index (<https://www.doi.org/>) should be indicated at the top left.
- At the beginning, one must attach **the title of the article, information about the author (s), abstract** (150-300 words) and **keywords** (6-8 words / phrases) **in the original language** of the article in which the full text of the publication is written.
- Next, the title of the article, information about the author (s), abstract and keywords **in English and Russian** are drawn up.
- Information about the author (s) indicates the name, surname of the author, academic degrees, academic rank, name of the organization (s) in which the work was performed, a figure should be indicated next to the name of the author, the same figure is indicated in the name of the organization, city, country. From a new line, one must specify the authors **E-mail**.

The main text of the article should contain an introduction, objectives, goals, research methods, results, discussion, conclusions (conclusion).

The article allows the creation of diagrams in Word and Excel. Tables are formatted in Word format; there should be no gaps when switching from one page to another. Electronic versions of figures used in the published material should be in jpg format (300-400 megapixels).

The list of references is attached at the end of the article, and should be compiled in the sequence of use. References in the text are indicated in square brackets, numbered in the order of mention in the text, and are accompanied by an indication of the pages used (for example, [1, 75]). In links to Internet resources in parentheses you must write the date of the appeal in the following order: dd.mm.yy.

The frequency of the publication of the journal “ALTAISTICS, TURKOLOGY, MONGOLISTICS” is four times a year (quarterly).

All articles are published free of charge.

Editorial address:

57 Tauelsizdik Ave., Palace of Peace and Concord, 7th floor,
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan
tel: +7 (7172) 744785

Journal web page: <http://altaistics.org/>

E-mail: napilbaz@gmail.com, aasem-dariya72@mail.ru

МАҚАЛАНЫҢ ҮЛГІСІ
ÖRNEK
ӨГҮҮЛЛИЙН ҮЛГЭР ЖИШЭЭ НЬ
ОБРАЗЕЦ СТАТЬИ

МРНТИ 1515
УДК 1515

МИГРАЦИИ ОГУРСКИХ ПЛЕМЕН (V-VII ВЕК)

Я.В. Пилипчук

к.и.н., старший преподаватель кафедры истории и археологии славян,
Исторический факультет, Национальный педагогический университет
им. М.П. Драгоманова (г. Киев, Украина)
E-mail: pylypchuk.yaroslav@gmail.com

Аннотация. Новизна статьи состоит в исследовании миграций огу-
ров. Процесс этногенеза булгар происходил в II-IV вв. в. Миграция бул-
гар в Каспийский степной регион датируется концом IV в. В середине
V в. он-огуры были вынуждены переместиться из Дагестана и с тер-
ритории современной Калмыцкой степи к побережью Азовского моря
под давлением сабиров (мигрировавших из Центральной Азии). Дру-
гие племена мигрировали в степи Причерноморья. Миграция кутригу-
ров и утигуров происходила в промежуток между 469 и 499 гг. Великая
Булгария включила в свой состав некоторые племена Хуннского союза
(алтзиагиров и ултинзуров). Доминирующим племенем на Северо-Кав-
казских равнинах были савиры, имевшие, вероятно, не-огурское про-
исхождение. Барсилы и хазары относились к племенам теле, и на Се-
верном Кавказе оказались в результате миграции аваров и тюркютского
завоевания. Барсилы (Bersula) и савиры (Suvares), а также эсегелы пе-
решли на огурский язык в результате взаимодействия с болгарскими
племенами. Настоящие авары не имели ничего общего с «абарами» ро-
мейских летописей. Абары, упоминаемые в этих летописях, являются
конструктом летописцев. Падение Великой Булгарии привело к мигра-
ции булгар в Среднее Поволжье и на Нижний Дунай. Пять разрознен-
ных племен не могли противостоять хазарской экспансии, в итоге два
из них мигрировали в Аварский каганат, а затем в Баварию, Италию и
Македонию.

Ключевые слова: миграция, огуры, булгары, хазары, авары

DOI 10.123456

MIGRATIONS OF OGHUR TRIBES (V-VII CENTURIES).

Ya. V. Pylypchuk

Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer, Department of History and Archeology of the Slavs, Faculty of History, National Pedagogical University named after M.P. Drahomanova (Ukraine, Kiev)

E-mail: pylypchuk.yaroslav@gmail.com

Abstract. The novelty is the study of the Ogur migrations. The process of ethnogenesis of Bulgars took place in II-IV century in Central Asia. The migration of the Bulgarians in the Caspian steppe region dated of end of IV. In the middle of the V century, Onogures were forced to move from Dagestan and Kalmyk steppes to Asov Sea littoral under pressure Sabir (who came from Central Asia). Other tribes migrated to the steppes of the Black Sea. Migration of Kutrigures and Utigures was scheduled between 469 and 499 years. Ogurian tribes were Onogures, Saragures, Utigures, Kutrigures. Great Bulgaria included some tribes of Hun Union (Altziagires and Ultinzures). The dominant tribe in the North Caucasian plains were saviry that probably were not Ogur origin. Barsiles and Khazars were tele tribes and the North Caucasus were due to Avar migration and Turkut conquest. Barsiles (Bersula) and Savires (Suvres), Esegels switched to Ogur language caused by interaction with Bulgarian tribes. Real Avars had nothing to do with abars of Romey chroniclers. Abars in this chronicles were construct of chronicles. Fall of the Great Bulgaria led to the migration of the Bulgars in the Middle Volga and the Lower Danube. Five disconnect tribes could not resist the Khazar expansion and the two of them migrated to the Avar Khaganate, and then to Bavaria, Italy and Macedonia.

Keywords: ogurs, migrations, bulgars, khazars, avars.

ТОЛЫҚ МӘТІН
МЕТІН
ӨГҮҮЛЛИЙН ҮНДСЭН ХЭСЭГ
ПОЛНЫЙ ТЕКСТ

Одним из интересных аспектов истории Центральной Азии является история огурских племен. Особое место занимает история миграций, поскольку они в значительной мере сформировали новое этниче-

ское лицо населения западноевразийских степей. Миграции кочевых племен всегда были важным фактором политики великих государств, которые стремились использовать их в своих интересах. До сих пор миграциям огурских племен не было посвящено отдельного исследования, несмотря на то, что во многих статьях и монографиях они косвенно рассматривались. Задачей этого исследования было освещение исходных, промежуточных и конечных звеньев миграций.

Появление сабиров на Северном Кавказе датировано 60-ми гг. V в. Они должны были оттеснить в Приазовье огурские племена. Утигуры и кутригуры пришли в район Донщины после 469 г. [1, 82].....

.....

ӘДЕБИЕТ НОМЗҮЙ КАУНАҚСА ЛИТЕРАТУРА

[1] Джафаров Ю. (1993): Гунны и Азербайджан. – Баку: Азеншир. – 107 с. http://www.bulgari-istoria-2010.com/booksRu/Ju_Dzafarov_Gunny_i_Azerbajdzhan-0.pdf

[2] Агафий Миринейский (1996): О царствовании Юстиниана. – М.: Арктос-Вика Пресс. –256 с. <http://myriobiblion.byzantion.ru/Just.htm>

[3].....

[30]

REFERENCES

[1] Dzhaфарov YU. (1993): Gunny i Azerbajdzhan. – Baku: Azenshir. – 107 s. http://www.bulgari-istoria-2010.com/booksRu/Ju_Dzafarov_Gunny_i_Azerbajdzhan-0.pdf

[2] Agafij Mirinejskij (1996): O carstvovanii YUstiniana. – M.: Arktos-Vika Press. –256 s. <http://myriobiblion.byzantion.ru/Just.htm>

[3].....

[30]

OGUR TAYFALARININ GÖÇÜ (V-VII. YÜZYILLAR)

YA. V. Pilipçuk

Tarih Bilimleri Bilim Adayı, M.P. Dragomanov Milli Pedagoji Üniversitesi
Tarih Fakültesi Slavyan Tarihi ve Arkeolojisi Bölümü Kıdemli Okutmanı
(Ukrayna, Kiyev)
E-mail: pylypchuk.yaroslav@gmail.com

Özet. Makalenin bilime sağladığı katkı, Ogurların göç sürecinin araştırılmış olmasıdır. Bulgar etnogenezi süreci II-IV yy'da gelişir. Bulgarların Hazar bozkır bölgesine göçü IV. yy'ın sonu olarak bilinir. V. yy'ın sonlarında On Ogurlar Dağıstan'dan ve günümüz Kalmuk bozkırlarından Orta Asya'dan göç eden Sabirlerin baskısı dolayısıyla Azov Denizi kıyılarına göç etmiştir. Diğer tayfalar ise Karadeniz kıyıları bölgelerine göçmüştür. Utigurlarla Kutrigurların göçü 469 ve 499 yılları arasında yaşanır. Büyük Bulgariya, kendisine bazı Hun tayfalarını dahil eder. Kuzey Kafkasya düzlüklerinde yerleşik tayfalar ise büyük bir ihtimalle Ogur kökenli olmayan Sabirler idi. Barsillerle Hazarlar Tele tayfalarına mensuptu ve Kuzey Kafkasya'ya Avarların göçü ve Türküt işgali sonucunda gelmişlerdi. Barsiller (Bersula), Sabirler (Suvares) ve Esegeller, Bulgar tayfalarıyla kaynaşma sonucunda Ogur diline geçmişlerdir. Gerçek Avarların Romey vakayinamesindeki Abarlarla hiç bir ilgisi yoktur. Vakayinamede geçen Abarlar, vakayinamecilerin yapısı idi. Büyük Bulgarya'nın çöküşü Bulgarların İdil'in orta kıyılarına ve Aşağı Tuna'ya göç etmesine neden olur. Ayrı düşen beş tayfa, Hazar işgaline karşı duramadı ve onlardan ikisi önce Avar Kağanlığı'na, daha sonradan da Bavarya, İtalya ve Makedonya'ya göç etti.

Anahtar Sözcükler: göç, Ogurlar, Bulgarlar, Hazarlar, Avarlar.

Мұқабада - бұғытас. Моңғолия, Ховд аймағы, Мөст сұмыны.
(фотосурет - Н.Баярхүү)

На обложке - «олений камень». Монголия, Кобдинский аймак,
Мостинский сомон. (фотоснимок - Н. Баярхуу)

On the cover- Deer-stones, Mongolia, Hovd zone, Most-Samon region
(photography - N.Bayarhuu)

Басуға 20.07.2020 қол қойылды . Офсеттік қағаз.
Шартты баспа табағы 7,68. Пішімі 70x100 $\frac{1}{16}$. Таралымы 500 дана.

«Ғылым баспасы» ЖШС
Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Мостовая көш., 6.
тел. +7 (7172) 57-49-83, 24-37-79